

# Оған Құдай жар болды



ШЫҒЫС  
СӨУЛЕСІ



## АВТОРДЫҢ АЛҒЫСӨЗІ

Бүгінгі күндері адамның мінез-құлқын тәрбиелеуге ынта білдіру оянууда. Осы тәрбиеге көмектесетін және кедергі келтіретін жағдайлар туралы көп айтылып та, жазылып та жүр. Тек назардан бір-ақ нәрсе: жан-жақты мінез-құлықты жалғыз Құдай ғана жасай алатыны тыс қалып келеді. Құдай адамның мінез-құлқын жан-жақты ету үшін жағымды да, жағымсыз да жағдайдың баршасын пайдаланады.

Бұл кітап Қиелі Жазбаны жан-тәнімен беріле оқу арқылы және Құдаймен үнемі дұға арқылы қарым-қатынас жасаудың жемісі ретінде жарық көрді, мұнда Құдайдың Өзі тәрбиелеген адамдар туралы айтылады. Бұл кітапты жақсырақ түсіну үшін Жаратылыстың басталуы кітабының отыз жетінші тарауынан елуінші тарауына дейін оқып шығыңыз.

Құтқарушы мен Құдай Сөзіне деген үлкен махабаттан туған аталмыш кітап ондағы барша әлсіз шыққан жерлеріне және жетіспеушіліктеріне қарамастан, хош иісі бүкіл үй ішін толтырып, Құдай Ұлының жүрегін қуантқан Бетлехемдегі Мәриямның қолындағы бағалы иісмайдай болсын.



## Бақытты балалық шақ Жаратылыстың басталуы 37:1-11

**Ж**аратқан Ие Исраил деп ат берген Жақып жат жерді ұзақ жылдар бойы кезіп аралау мен ауыр сындардан кейін, ақыры Жаратушы Иенің өзіне, әкесі Ысқақ пен атасы Ыбырайымға беруге уәде еткен жерге қайтып оралды. Бұл жер оның туған жері, отаны болуы керек-ті, өйткені Құдай оны Ыбырайымның әулетіне мәңгілікке серт етіп берген болатын. Мұнда Жақып өз жерінде, өз үйінде екенін білгендіктен, отарларын бейбіт түрде бағып жүре алар еді. Осылайша ауыр күндерден кейін ақыры тыныш, бейқам мезгіл туды. Қартая бастаған Жақыптың ең үлкен қуанышы ғажап дарынды, сүйкімді, келбетті әрі жұмсақ мінезді сүйікті ұлы Жүсіп еді. Оның үстіндегі әкесі сыйға тартқан түрлі-түсті киімдерге (Шығыста түрлі-түсті матадан тігілген қымбат киімді көңіліне жаққан адамдарға ғана сыйлайтын) тек патша тәжі ғана жетпей тұрғандай көрінетін.

Жүсіп ағаларымен бірге мал бағуға шықпай, әдетте әкесімен қалып, оны зеріктірмей, қолқабыс көрсетумен айналысатын. Қоз алдымызға шатыр алдында отырған ақ шашты, терең әжімдер басқан жүзі оның басынан ұзақ та қиын өмір өткенін айғақтайтын Жақып пен бұйра шашты басын қолымен сүйеп, әкесіне армандай қарап, оны мұқият



тыңдап жатқан әдемі қоңырқай көзді ер баланы елестетіп көрейікші.

Әкесі осыдан көптеген жылдар бұрын жер бетінде тамаша — Жұмақ бағы болғаны, онда бақытты екі адам өмір сүргені туралы айтып отыр. Бірақ, олар Құдайдың тілін алмай, күнәға батып, жұмақтан мәңгілікке қуылып тынды.

Баланың осы бір ғажайып жұмақты бір рет болса да қандай көргісі келді десеңші! Әкесі оған тағы да барлық адамдардың ата-анасы Адам ата мен Хауа анадан екі ұл туғанын айтты. Үлкені, Қабыл — қызғаншақ, ашушаң, қырсық болып өсті де, кішісі, Әбіл — жуас, момын еді. Сосын Қабыл күншіл іштарлықтан Әбілді өлтіріп, сорлы әкешешесін қайғы-қасіретке батырды. Дегенмен, Жүсіпке әкесі жер бетінде адамдар көбейіп, мекендеген кез туралы көбірек әңгімелейтін. Олар мейірімсіз болып, Жаратқан Иені тыңдамай, өз білгендерін істеумен болды және шамадан тыс артық тамақ ішіп, маскүнемдік пен азғындық жолға түсіп, жер бетін жексұрындыққа толтырды. Мұның бәріне әрі қарай қарауға төзбеген Құдай күнәға белшесінен батқан адамзат ұрпағын құрту үшін топан су қап-

татуды ойлады. Күнәһар адамдар арасында Нұх атты жалғыз адам бар еді. Құдай оның отбасына кешірім жасауды ұйғарды. Нұхты құтқару үшін Құдай оған сандық тәрізді кеме жасауға кеңес берді. Бұл кемені жасауға жүз жиырма жылдай уақыт кетті. Осы уақыт ішінде Нұх адамдарға күнә үшін жіберілетін жаза — топан су туралы айтумен болды. Ол мұны өзіне кеме жасауға көмектескендерге де, жұмыс барысын қызықтап келушілерге де айтқан болатын. Бірақ адамдардың ешқайсысы Нұхқа сенбеді. Олар оны алжыған шал деп ойлады және ол отбасымен, мал-жанымен бірге кемеге отырып жатқанда мазақ етіп күлісті. Әлгілердің артынан Жаратқанның өзі есікті мықтап жапқан соң, аспанды қара бұлт торлап, Құдай соты басталды. Періштелер жүз жиырма жыл бойы қорқынышпен бір-біріне айтып жүрген құпия шындыққа айналды. Уайым-қайғысыз ғұмыр кешкен адамзат әулеті Құдай аузынан: «Мен Өзім жаратқан адамды... жер бетінен құртып жібермекпін. Өзім жаратқандардың күнәһарға айналғандарына қайғырамын», — деген үкімді естіді. Берекелі уақытты имансыздықпен босқа өткізген халықты жай ғана жаза емес, толығымен құртылу күтіп тұр еді. Егер адам күнәсін мойындамаса, Құдайға ұзақ уақыт бойы бойсұнбау ешқашан жазалаусыз қалмайды ғой. Иә, Құдайдың соттайтын күні туып, жүз жиырма жыл рақат өмір сүрген уақыттан кейін, бар-жоғы жүз тоқсан күннің ішінде барлық адамның көзі құртылды, олар тіпті ешқашан да жер бетінде болмағандай. О, күнәһар, алпыс жыл бойы сен Құдай

Оған Құдай жар болды

мейірімін сезінетін боласың. Бірақ, есінде болсын, сені жер бетінен жоқ етіп, сен туралы тіпті естелік белгі де қалдырмау үшін Құдайдың үш күндік, тіпті үш-ақ минөттік қаһары жетіп жатыр.

Әкесінің әңгімесіндегі осы оқиғалар ішінен Жүсіпті әсіресе өзінің арғы атасы, Ыбырайымның әкесі Тарахтың топан судан аман қалған Нұхты білгені, одан топан су қаптағанға дейін, су қаптаған кезде және су қайтқаннан кейін жер бетінде не болып, не қойғандығы жөнінде естігені туралы деректер қатты қызықтырды. Жүсіптің де Нұхты тыңдағысы-ақ келіп еді.

Күндіз, бұлт Ливан мен Мوريا тауының үстіне жиналып, түнде айдың жүзін тұман тұмшалаған шақта, бала көз алдына топан су қаптар алдында жер бетін жауып, ала-сапыран болып сапырылысқан қара бұлттарды елестетті. Топан су жер бетіндегі бүкіл тіршілік біткеннің бәрімен қоса ғажайып жұмақты да жалмап жұтқан еді. Ендігәрі жер бетінде жұмақ жоқ-ты, енді оны іздеу де мән-мағынасыз-тын.

Жүсіптің жан дүниесінде күнәні жазалаусыз қалдырмайтын әділ де киелі Құдайды құрметтеген қорқыныш пайда болды. Жасөспірім баланың жүрегінде күнә алдындағы қорқыныш терең тамырын жайды, ол күнәға батқанша өлген артық деп санады.

Жақып ұлымен Мамреде болғанда, кезінде осы жерде Жаратқан Ие Ыбырайымға зор құрмет көрсетіп, екі періштесімен келіп, оның қолынан дәм татқанын айтты. Сол сәтте Ыбырайым егер он әділ



адам табылса, Содом қаласына мейірім етуді Құдайдан сұрап та алар еді, өкінішке орай бір де әділ адам табылмады. Жүсіп Өлі теңіз жағасында тұрып, бір кезде дәл осы арада күнәһар қалалар — Содом мен Гомораның сән-салтанат құрып тұрғанын сан рет ойлайтын. Ол осы қалаларда тұрған имансыз адамдардың өздеріне аспаннан Құдайдың қаһары жауған кезде, жанұшыра айқалаған мұңзарын, жылап-сықтауын естігендей болатын. Ал, Мориа жеріне келгенде, өзін құрбандыққа шалу үшін (Бұл жерде Құдай Ыбырайымның сенімін сынап көру мақсатымен Ысқақты құрбандыққа шалуға бұйрық бергендігі жөнінде сөз болады. Құдай Ыбырайымның Өз еркін орындауға пейіл екенін көріп, Ысқақтың өмірін сақтап қалды) жағылатын отынды арқалап келе жатқан өз атасы Ысқақ туралы ойлайтын. Жақып ұлымен Бетелге келгенде, Жүсіп шатыр жанында түнеп, әкесінің бір кездері Харанға қашқан кезіндегідей бұған да аспан қақпасы ашылып, бұл да әкесі тәрізді баспалдақ арқылы асығыс шығып-түсіп жүрген Құдай періштелерін көрсем деп армандап жатар еді. Осындай пәк арманмен ұйқыға кеткен Жүсіп ғажап түстер көретін.

Бірде ол түсінде аспандағы күн мен айдың және он бір жарқыраған жұлдыздың кенет өзіне тәжім еткенін көрді. Жүсіп мұны әкесіне айтқанда, ол қатты шошып кетті. Жақыпқа ұлы осындай түстердің ықпалымен тәкаппар, менмен болып кететіндей көрінді.

Жүсіп бала шағында-ақ жүрегін Жаратқан Иеге

Оған Құдай жар болды

берді. Қезінде Енох туралы «Енох Құдаймен тығыз байланыста жүрді» (Енох Құдайға ұнамды өмір сүрген тақуа адам болған, ол топан су қаптағанға дейін өмір сүріп, өлімді көрмеген) дегендей, Жүсіп туралы да солай айтуға болатын. Әкесі Жүсіпті бауырларын көріп келуге жұмсағанда, олардың Құдайға шек келтірген сөздерін естіп, ренжитін. Қайтып келгенде осының бәрін әкесіне айтып, қарт Жақып ұлдарына ақылын айтар еді. Сол үшін бауырлары Жүсіпке ашуланатын. Олардың ашу-ыза-сы өшпенділікке ұласты, өйткені олар әкесінің Жүсіпті сүйетінін өз көздерімен көрді және олар інілерінің оған лайықты екенін іштей түсінетін де. Олар Жүсіп секілді өмір сүріп, Жаратқан Иеге қызмет ету керектігін білетін, бірақ бұлай істегілері келмеді, бұлар да Әбілді жек көрген Қабұл тәрізді інілерін жек көретін. Жүсіп олардан көп жәбір көрді, бауырларының мінез-құлықтары оны қатты торықтырып, қайғы-мұңға батырды. Бірақ, соған қарамастан, Жүсіп өзінің кіші інісі Буняминді одан әрмен жақсы көре түсті және Бунямин ер жеткенде екеуіміз тату боламыз деп арман ететін.

## Құлдыққа сатылу

Жаратылыстың басталуы 37:12-28

**Ж**ылдар өтіп жатты, Жүсіп он жеті жасқа толды.

Бірде таңертең ол көтеріңкі көңіл-күйде оянып, өзінің үйреншікті жұмысына кіріспекші болды. Бі-

рақ, ең алдымен ол амандасу үшін әкесіне қарай жүгірді. Бұл күні Жақып оны Сихемге барып, ағаларының денсаулығын біліп, мал-жанның аман-есендігін көріп қайтуға жұмсады. Жүсіпке әкесінің тапсырмасын орындау оңай тимеді, өйткені ол ағаларының өзін қаншалықты жек көретінін білетін еді. Бірақ, ол тіл алып үйренгендіктен, жолға шықты.

Ұлымен қоштасып, шатырдың жанында оның соңынан қарап тұрған Жақып нені сезінді екен? Әкесі Жүсіптің артына соңғы рет бұрылып қарап, қоштасқанның белгісі ретінде өзіне күлімсірей қарағанын көрді. Жақыптың көз алдында күн нұры шағылысқандай болды. Ұлының түрлі-түсті киімі көзден таса болды. Қария шатырға кірді. Ол ұлымен ұзақ жылдарға қоштасып, бұйра шашты баласын ендігәрі осы қалпында көре алмайтынынан секемденген жоқ еді. Әкесінің шатырына соңғы рет бұрылып қараған Жүсіп те өзінің отанымен ұзақ уақытқа қоштасып, балалық шақтан мәңгілік ажырап, уайымсыз өмірмен қош айтысатынын білмеген-ді.

Жүсіп Сихемге келгенде, онда ағалары болмай шықты. Ол ағаларын ұзақ сенделіп іздестіріп жүріп Дотаннан әрең тапты. Әкесінің тапсырмасын орындап, ол ағаларына азық-түлік пен киім-кешектер әкелген еді. Оған алған сыйы қайсы? Ағалары Жүсіпке қалай рахмет айтты? Бұлар да жүздеген жылдар өткен соң жердегілерге Ізгі хабар мен өмір нанын жеткізіп, оларға әділдіктің ақ киімін (ақ киім — әділдіктің белгісі) беру үшін Қөктегі Әкесін тастап жерге келген Мәсіхті «алғыспен жарылқаған» адамдар тәрізді харам әрекетке барды. Ол

Оған Құдай жар болды

тура жолдан адасып кеткендерді (Матай 18:11) іздеп тауып, құтқаруға келген-ді, олар болса, Оны қабыл алмады. Олар Құдайдың сыйынан бас тартып, Исаны қорлап, кейін өлімге берді.

Бірақ біз қазір жасөспірім Жүсіп пен оның ағаларына қайтып оралайық. Жақыптың ұлдары әкелерінің сүйіктісін жеңіл жүрісі мен әдемі түрлітүсті киімінен алыстан-ақ таныған еді. Інілерінің келгеніне бұлар қуана қоймады. Жүсіп тағы да бұлардың жөнсіз қылықтарын байқап, айыптайтын болады. Бұл тәлкек қашан аяқталмақ?! Ол қашанға дейін бұларға жоғарыдан менменсіп қарай береді?! Шынымен-ақ әкесінің жүрегін жаулап алып, осынау менменсіген арманшыл жан бұлар үшін әрқашан тірі ұждан азабы болмақ па? Осы жексұрын бауырларын қашанға дейін оларға үлгі етіп ұсынбақ? Жоқ, мұның соңына нүкте қою керек! Бұлар Жүсіп тәрізді өмір сүре алмайтын және олай өмір сүруді қаламайтын да.

Жүсіп ағаларына енді ғана жақындап келе жатқан-ды, ал оның тағдыры баяғыда шешіліп қойып еді. Әлгілер інісін өлтіріп, сосын оны жыртқыш аң жеп кеткендей болып көрінсін деп, қайсыбір жыраға лақтырып тастауға уағдаласқан-ды. Түстерінің қалай орындалғанын бір көрсін, бәлем!..

Жүсіпті құтқармақ болып, оған қарсы ұйымдастырылған қастандыққа жалғыз Рубен ғана қатыспады. Бірде Рубен әкесінің алдында ауыр күнәға батты (Жар. баст. 35:22). Осы күнә оны ұлдық құқық пен әкесінің махаббатынан жұрдай етті. Рубен әкесімен татуласа алмады, бірақ оны ұят

қинап жүр еді. Ол қайғырулы еді, сондықтан қарт әкесіне тағы бір бақытсыздықтың соққы болып тиюіне жол бергісі келмеді. Дегенмен Рубен «Әкейге мұндай қасірет тартқызуға болмайды» деген ойын ағаларына ашық айта алмады. Ағаларының өзіне жиіркенішпен қарап: «Мұны әкемізді соншама масқара еткен сен айтып тұрсың ба?», — деп дүрсе қоя беретінін сезді. Сондықтан Рубен айлаға көшуге бел буды. Оған ағаларын Жүсіпті шұңқырға тірі күйінде тастап, аштан өлуге қалдыруға көндірудің сәті түсті. Ағалары бұл ұсынысты қабыл алды. Ағайындылар бұл жерден малдарын айдап кеткен кезде, осы маңға көп уақытқа дейін ешкім жоламайтынын білетін еді. Мейлі, әкесінің үйіндегі тоқ өмірден кейін Жүсіп ашығып көрсін! Өлер алдында өзінің түстері туралы ойлансын.

Рубен іштей өзіне-өзі: «Бәрі кеткеннен кейін Жүсіпті құтқарып, оны әкейге алып барамын. Осы арқылы өзімнің кінәмнің біразын болса да ақтаймын. Мүмкін, осыған бола әкем мені кешірер де», — деп қайталаумен болды.

Сол арада Жүсіп ағаларына жақындады.

— Ассалаумағалейкум! — деді ол көңілді түрде иығынан мөшекті алып жатып. Әкесі тапсырғанның бәрін айтып болған кезде, ағалары мұны араның ұясы секілді қоршап тұра қалды. Олар інілеріне бірден тап берген жоқ, алдымен:

— Сен тағы да біздің не істеп жүргенімізді аңдып, сосын әкейге өсектеп баруға келдің бе? — деп, дау-жанжал шығарды.

Жүсіп ол үшін келмегенін, өз еркімен емес, әке-



сі жібергеннен кейін келгенін түсіндіріп әлек. Осыдан екі мың жылдан кейін көктен келген Иса да дәл осылай: «Мен осында Құдайдан келдім. Өз бетімізге келген жоқпын. Мені Құдай жіберді», — деген еді (Жохан 8:42).

— Сен бізді тағы да кемсітпекшімісің? — деп тиісті ағалары. — Жақып сенің ғана әкең бе?

Сөйтті де олар Жүсіпке тап беріп, оның үстіндегі киімдерін жыртып, қол-аяғын байлап, шұңқырға тастады. Жүсіп оларға рақым ете көріңдер деп қаншама өтініп, жылады десеңші! Қорыққаннан қатты айқайлап, әкесін көмекке шақырғанын айтсаңшы! Шұңқырдың терең түбінен оның қиналған ыңқылы естіліп жатты, ал мейірімсіз ағалары болса бұл уақытта өздеріне Жүсіп әкелген нанды жеп отыр еді.

Мұндай адамдар қазір де бар. Оларда өмір наны — Құдай Сөзі бар, Соның арқасында өмір сүреді, ал Исаны мойындамайды.

Рубен ағаларымен бірге тамақтанғысы келмеді. Ол Жүсіпті шұңқырға тастауға көмектескен жоқ, бірақ кедергі де жасамады. Өзі күнәға батқан адам ешқашан басқаны құрдымға құлаудан құтқарып көрмеген ғой. Жүсіптің қиналысты ыңқылын есітпейін деп, Рубен ағалары кеткесін қайтып келмек ниетпен бұл жерден аулаққа кетті. Ол қайтып келді де, бірақ кеш қалып еді...

Жақыптың ұлдары тамақ ішіп біткенше, оларға ысмағұлдық саудагерлер керуені жақындап кеп қалды. Олар түйеге қымбат тауарлар артып, Мысырға апара жатқан. Керуенді көрісімен Яхуда:


— Жүсіпті өлтіріп, қанын төккеннен бізге пайда жоқ? Одан да оны ысмағұлдықтарға сатайық. Сонда біз оның өліміне кінәлі болмаймыз. Қалай болғанда да ол ініміз емес пе, туған қанымыз ғой, — деген ұсыныс жасады.

Ағайындылар Яхудамен ықыластана келісті. Пайданы сезіп, олар қандай «қайырымдылық» көрсетті десеңші! Әлгілер Жүсіпті шығарып алу үшін шұңқырға қарай жүгірді. Өзі үшін мадиамдық саудагерлер жиырма күміс ақша санап беріп жатқанда, бауырларының ниетін сезген Жақыптың сүйіктісінің бойын қорқыныш биледі.

О, Жүсіп, Жүсіп! Сенің бостандығың қайда? Әкеңнің үйі қайда қалды? Ливан тауларының шыңдары көзден таса болды. Бақытты балалық шақ, еркін өмір — бәрі де артта қалды. Көзі жасқа толған ол туған әкесінен алыстай берді.

Оның сыбағасына ата-бабасының Құдайынан басқа ештеңе де қалмаған еді. Көз алдында шөлейт көлбеп жатты — оны алыс Мысырға құлдыққа апара жатыр еді.

Жолдың алғашқы сағаттарында Жүсіп жан күйзелісінен естен айырылғандай есірік күйде болды. Сосын сүйікті әке-



Оған Құдай жар болды

сіне деген сағыныштан жүрегі сыздап, өткен өмірі туралы естеліктер елесі қайта тіріліп, бас көтерді. Басын салбыратқан бозбала аяғын баяу басып, өздерінің Бетелде, Бер-Шебада және Мереди тірі Құдайға қалай қызмет еткендерін, әкесінен естігендерін есіне түсіріп келе жатты. Оның басына түскен тауқыметі Ысқақ атасының тағдыр сыйынан анағұрлым ауырлау еді. Пұтқа табынушы елде мәңгі құлдықта болғанша, өз әкең шалған құрбандық болғанның өзі жақсы!

Ысмағұлдықтар Жүсіпке ойлануға бөгет болған жоқ, жол болса қашық еді. Бозбаланы құдайсыздар қоршады, бұл да олардың арасында топан су қаптағанға дейінгі тіршіліктегі Нұхтай немесе Содомдағы Луттай өзінің Құдайымен жалғыз қалған болатын. «Құдай кезінде оларға көмектесті, ендеше маған да көмектеседі», — деп ойлады Жүсіп. Үйінде жүргенде ол Құдай туралы көп ойланып, Оған құлшылық етуге дағдыланған еді. Бірақ онда мұның өмірі жақсы еді, кейде бір нәрсені қызықтап, құлшылық ету туралы ұмытып та кететін. Енді ол Құдайдан басқаның бәрін жоғалтты. Жүсіп Ыбырайым секілді Жаратқан Иеге сеніп, өзіне әкесі айтқан Енох секілді өмір сүруге бел байлады. Енох Жаратқан Ие өзін жер бетінен алып кеткенше, жүрегінде Құдайды берік ұстаумен өмір сүрді. Жүсіп мына жалған дүниеде Нұх пен Лут тәрізді Құдайға берілген адал күйінде қалуға шешім қабылдады. Мүмкін, Жаратқан Иенің көмегімен әкесі мұның қай жерде екенін біліп, құнын төлеп, сатып алар. Бұл үміт бозба-



ланың кермек ойын күннің шұғыласындай сәулендіріп жіберді.

Осылайша Жүсіп Мысырға тап болды. Құлдар базарында оны перғауынның лауазымды сарай қызметкері, патша уәзірлерінің бастығы Потифар көрді. Оған үйде қызмет істейтін құл керек еді, сөйтіп, ол көрікті бозбаланы сатып алды.

## Он есе жаза

Жартылыстың басталуы 37:29-36.

Осы екі аралықта Рубен бауырларына оралды. Жолда ол бұларға байқатпай Жүсіпті қалайша босатып, оны әкесіне қайтаруды ойлаған да болар, бәлкім. Шұңқыр түбінен Жүсіпті көре алмаған кезде Рубеннің бойын қорқыныш жайлады. Жан күйзелісінен үстіндегі киімдерінің пәре-пәресін шығарып жыртқан ол ағаларына келіп:

— Жүсіп жоқ, енді қайттым, қайда барамын? — деп ашына тіл қатты.

Рубен әкесімен достасып, өз күнәсін жуамын деген жалғыз үмітінен айрылды. «Інімнің өліміне менің қатысым жоқтығына әкем ешқашан да сенбейді, — деп қиналды ол. — Ол мұны енді ешқашан да кешірмейді. Ах, қайда кетсем екен?! Жүсіпсіз мен әкемнің көзіне көріне алмаймын».

«Қорықпа, — деп жұбатты оны бауырлары. — Ол тірі!»

Олар болған жағдайдың бәрін әңгімелеп берді.

— Сені де, бізді де кінәламас үшін, біз әкемізді

Оған Құдай жар болды

алдаймыз. Лақты сойып, Жүсіптің киімін соның қанымен ластаймыз. Әкейдің көзі нашар көреді, ол алдағанымызды байқамай, ұлын жыртқыш аң жегеніне сенеді. Одан да сол әшкерелеушіден мәңгіге құтылғанымызға қуан.

— Рубен малайлардың әкесіне Жүсіптің қан жұққан киімдерін алып кеткенін көрді, осы кезде оның басына інісін қайтадан сатып алуға мүмкіндік бар екендігі туралы ой келді. Бірақ күнәні айыптаушы Жүсіп бар жерде өзін ылғи да ыңғайсыз сезінетінін есіне түсірді. «Бәрін білген кезде әкем не дейді?» — деп ойлады Рубен қауіптен. — Ал, егер Жүсіп осыдан қайтып оралмаса, әкем бұл жөнінде ешқашан да білмейді».

Сөйтіп Рубен әкесіне Жүсіпті құлдыққа сатқандықтарын айтпауға бекінді. О, күнәһар жан өзінің ар-ұятын тіс жарып үндемеуге қалай ғана жеп-жеңіл мәжбүр ете алады десеңші!

Жақып баяғыда-ақ қайтып келер уақыты болған сүйікті ұлын сағына күтумен болды. Шатырдан сан рет сыртқа шығып, қолымен жартылай көруден қалған көзін көлегейлеп, алысқа үздіге қарайды. Сорлы әке! Ұлыңды жуық арада көре алмайсың. Кейде адамдар бақытсыздықтың таяу қалғанын алдын ала сезеді. Бірақ Жақып Жүсіпті шығарып сап тұрып ешқандай жамандықты сезбеді. Ал бүгін оны сүйіктісіне жыртқыштар шабуыл жасауы мүмкін-ау деген ой мазалай берді. Қенет ағаш сандалдың (жеңіл аяқ киім) тықылы естілді. Бұл келгендер малайлар еді. Жақып олардың сәлемдерін аяғына дейін тыңдамастан: — Сендер

Жүсіпті көрдіңдер ме? Ол қайда? Ол неге сендермен бірге келмеді? — деп сұрады.

Жақып ұлы туралы сұрады, ал оған тек оның қанға малшынған киімдерін ғана алып келді. Қандай қасірет! Қандай ауыз барып айта алмас қайғы!

Жақып баяғыда ағасы Есаудың киімін киіп, мүлдем соқыр болуға айналған әкесін алдаған еді (Жар. баст. 27). Міне, енді ол сол күнәсі үшін он есе жаза алып отыр. Он ұлы өзін алдап, бұған Жүсіптің киімдерімен бірге оның өлімі туралы хабар жіберді. Бірақ Жақып осының бәрін таразылап, Құдайдың әділеттілігін түсінгенінше әлі де біраз жылдар өтеді.

Біз өз өміріміздегі кейбір жәйттердің болуына Құдай неліктен жол берді деген сауалды жиі қоямыз, ал бұл — өз күнәміздің табиғи салдары екенін түсіне бермейміз. Күнә дегеніміз — лақтырған адамның тура өзінің басына қайтадан келіп құлайтын тас емес пе?

— Оу! Мынау менің ұлымның киімдері ғой! — деді Жақып ауыр қасіреттен аһ ұра дауыстап. — Оны жыртқыш аң талап кеткен ғой! Өзім де содан қорқып едім, бекер қауіптенбеген екем! Жүсіпті несіне жібере қойдым екен?!

Жақып шатыр жанында ұлымен қалай қоштасқанын есіне алды. Сол ең ақырғы қоштасу болған екен ғой. Бұйра қара шашты, сүйкімді жүзінде күлкі ойнаған, әдемі қоңырқай көзінде мейірім шуағы төгілген сүйікті ұлы дәл өңіндегідей қарсы алдында тұрғандай көрінді. Сүйікті ұлы мәңгіге жоқ болды, байғұс әкесі оны тіпті жерлей де алмады.

Оған Құдай жар болды

Кейде адамдар қандай қатыгез әрі залым болады десеңші. Жақыптың ұлдары әйелдерімен бірге өтіріктен жас төгіп, Жүсіпті жоқтауға келді. Олар қайғыдан қапаланып отырған әкелеріне қарап отырды, бірақ оған Жүсіптің тірі екенін, оның Мысырға құлдыққа сатылғанын, егер әкесі құлдар базарының бәрін түгел адақтап қарап шықса, баласының құнын төлеп сатып алуға болатынын айтпады. Олар мұны әкесінің ашуынан қорқып айтпаған еді. Егер Жүсіп үйге келсе, бұлар үшін ол бұрынғыдан да өткен әшкерелеуші болмақ. Ал әкесі уақыт өте келе тынышталады — оған жұбаныш болатын Бунямин бар ғой. Жарық сәулелі күндей Жүсіпсіз Жақыптың шатырында қандай мұң-қайғы ауыртпалығы шөгіп тұр еді десеңші!

## Қара дақ

Жаратылыстың басталуы 38

Бұл тарауда адамзат тарихындағы күнәнің қара дағы туралы айтылады. Мұндайлар адамгершіліксіз, азған дүниеде жүздеген рет қайталанған болатын. Бірақ осындай күнәлі жағдайда нақ Яхуданың әулетінде, Парестің отбасында киелі де пәк Исаның дүниеге келуінің үлкен мәні бар. Дегенмен, пәктіктің ластан пайда болуы мүмкін емес болғандықтан, Иса табиғи жол — ер адамның еркінен емес, Қиелі Рухтан жаралған еді. Сол себепті ол Яхуда мен Парестің күнәһарлығын мұра еткен жоқ. Бұл Құдайдың ұлы мейірімінің дәлелі. Құдай

Ұлы Өзінің тууымен-ақ күнәһарлардың досы екенін және оларды құтқару үшін келгенін дәлелдеп берді. Ал Яһудаға қатысты оқиға біз үшін: жер бетінде Құдайсыз өмір сүрген адамның неге қабілетті екендігіне ескерту болмақ. Жаратқанның бізге үнемі жақын екендігіне деген сенім ғана бізді күнәдан тежеп қалады.

Жақыптың үйінде Яһуда ең ақырғы адам емес-тін: ол жұртқа сыйлы, сол аймақтағы беделді жандардың бірі болатын. Сөйте тұра ол күнәһар адам еді. Дегенмен оны айыптауға асықпалық. Қазіргі күні де айналасындағылардың бәрі оны сыйлап, төбесіне көтеретін, бірақ ол күнәһарлыққа барып, кінәсін мойындамайтын Яһуда тәрізді адамдар жеткілікті.

## Жеңіс

Жаратылыстың басталуы 39:1-20

Күн нұрымен жарқыраған тап-таза көлмен кейде сазды ми батпақтың қатар орналасатыны тәрізді, бұл кітапта да отыз сегізінші және отыз тоғызыншы тараулар көрші орналасқан. Біріншісінде Құдайсыз өмір сүрген адамның ісі көрсетілсе, екіншісінде — Құдаймен бірге өмір сүрушінің өмір нәтижесі берілген. Мысырлықтардың киелі өзені Ніл бойында тамаша қала көсіліп жатыр. Оның үстінде бұлтсыз оңтүстік аспаны төңкеріліп тұр. Күннің ыстық нұры биік пирамидаларда шағылысып, шатырдағы бақтарды, бай сарайлар мен

Оған Құдай жар болды

ақ мәрмәр бағаналы үйлерді аймалайды. Жан-жаққа тікенектерін жайған кактуста ірі алқызыл және қызыл гүлдер албырай құлпырады. Бірақ оны алуға ниет еткендер өлімші болып жәбірленуі мүмкін.

Көз алдымызға бұлтсыз жазғы таңды елестетіп, ойша Ніл бойындағы сарайлардың біріне енейік. Өрнекті едендерінің үстіне бай кілемдер төселген кең бөлмеге бас сұғайық. Бағанадан жұқа жұмсақ матадан істелген перделер төгіле салбырап тұр. Гүл атқан хош иісті өсімдіктер мен апельсин ағаштары, оттай қызғылт түсті анар мен хош иісті ақ гүлдер арасына демалу үшін кілемдер жабылған мәрмәр орындықтар қойылған. Шығыс стиліндегі осынау сән-салтанат бізге ертегідей көрінер еді. Бірақ бұл ертегі емес, өйткені кезінде Мысыр өзінің зор байлығымен, тамаша әсемдігімен атын шығарған. Мұндағы өмір ғажап әрі сән-салтанатқа толы еді. Қазіргі заманғы адамдарға оны көз алдына елестетудің өзі қиын.

Үлкен бөлмеге апаратын баспалдақпен жас жігіт көтеріліп келеді. Оның жүзі әдемі, байсалды, көзқарасында сәл арманшылдықтың ізі байқалады. Қелісті де бойшаң денелі оның сырт бейнесін ұзын ақ киім мен ала жамылғыш аша түскен. Байлық пен сән-салтанатқа бөккен Мысырда біз тағы да өзіміздің Жүсіппен кездесеміз! Бірақ ол баяғыда онымен өзіміз айырылысқаннан бері қалай өзгерген!

Жоғарыға көтеріліп тоқтаған жас жігіт аспанға қарап, қолын сиынуға икемдей қусырып, басын төмен иіп, ойға шомды. Ол балалық шағындағы ба-

қытты күндерді, елін, туған үйін, сүйікті әкесін есіне түсірді. Осының бәрінен өзін жұрдай еткен сонау бір қорқынышты сәтті ойға алды. Бірақ ол өзінің Құдайға деген сенімінің ғажап беріктігінен жұбаныш тауып, қуаттанды. Жүсіп Одан бір қадам да алшақ кетпеді, Құдай да сол үшін оған сенімді, тұрақты болды. Құдайдың көмегімен Жүсіп өзінің мұң-қайғысынан арылды. Оны жұмысқа жұмсағанда, ол өзіне үйреншікті емес жұмыстың бәрін тап-тұйнақтай етіп атқаратын. Көп өтпей-ақ Жүсіптің қожайыны осынау яһудилік бозбала арқылы қолына қандай қымбат қазына түсіргенін ұғып, онымен енді құл ретінде сөйлесуді қойды. Сөйтіп ол Жүсіпке жөні түзу киім беріп, оны үйіндегі жұмыстарды басқарушы етіп тағайындады. Жүсіп шаруашылықты ұсынақты әрі жақсы жүргізгендігі соншалық, қожайынына айтарлықтай табыс әкелді. Потифар Жүсіпке өз ұлындай сенетін болды. Өзінің жоғары лауазымды қызмет жағдайы мен перғауынның қорғаушыларының бастығы қызметі мұны үйінде жиі болмауға мәжбүр ететіндіктен, ол осындай сенімді қызметкердің болғанына қуанышты-тын. Үйіне келгенде ол Жүсіпті шақырып алып, оның үйді басқаруға байланысты айтқан тілектес және орынды ұсыныстарын ықыласпен қабыл алып, ұзақ әңгімелесетін. Жүсіптің өз әкесінің үйіндегі секілді қожайынының назарын қызметшілердің әбес іс-әрекеттеріне аударған кездері де болды. Осылайша Потифар Жүсіптің күнәға деген көзқарасы мен оның Құдайға деген мызғымас сенімін білді. Сол үшін де қожайыны өзі егде тарта бас-

Оған Құдай жар болды

тағанына, ал Жүсіптің әлі бозбала екеніне қарамас-тан, оны одан әрмен сыйлайтын болды.

Жүсіп дәлізде тұрып, осының бәрін ойлап, бірнеше жыл бұрын өзін осы үйге тап қылған Құдайға рахметін айтты.

Бірақ мінажат кезінде Жүсіптің жүзі кенет бұзылып, түнеріп кетті. Ол аса ыңғайсыз әрі жанын қинайтын бір жағдайды — өзіне қожайынының әйелінің көпе-көрнеу қызығушылық танытуын есіне түсірді. Потифардың көрікті жас әйелі бар еді, ол оны сүйетін әрі оған сенетін. Әйел Потифардың үйінде Жүсіптен бірнеше жыл кейін пайда болған, ал мұны соған қызмет көрсетуге берген еді.

Жүсіпті көріп, жас әйел оның тұңғық әсем көзін ұмыта алмастай халге жетті. Мазасын алар жабысқақ ойлар оның түсінде де, өңінде де соңынан қалмады. Байлық пен тоқшылық ортасындағы өмір Потифардың әйелін жалықтырып, ол ерінің көрікті әрі тәрбиелі қызметшісімен біраз шүйіркелесіп сөйлескісі келді. Уақыт өткізу үшін Жүсіп оған жүрегіне сағыныш болып жиналған жәйттерді: ата-баларының елі, әкесі, бақытты балалық шағы, бұл жерге қалай тап болғаны туралы әңгімелеп берді. Бұларды айтып отырып Жүсіп мұндай жақын қарым-қатынас жасау мырза әйелінің жүрегінде құмарлық отын жағады деп секемденбегенді.

Олардың әңгімелері жалғаса түсті. Бірақ жалынды ұзақ жасыру мүмкін емес қой. Ерте ме, кеш пе, ол сыртқа шығып, құпияның бәрі аныққа айналары хақ. Әйелдің құмарлық сөздері өзін қинап, күйіндірсе де, Жүсіп бастапқыда еш нәрсені сезін-



беді. Бірақ бірде еске түсірудің өзі ұят бір жағдай болды. Мырзаның әйелі оны сүйетіндігін айтып, бұдан да дәл сондай ықылас көрсетуді жалына сұрады. Жас адамның қорқынышын қалай айтып жеткізуге болады?! Ол екеуіне де шексіз сенетін мырзаны ойлады. Осы күнге дейін құрмет тұтып келген қожасының әйеліне не деп айтпақ? Алғаш рет ол оған жауап қайтармады, бірақ мұндай көріністер барған сайын жиі қайталанып, екеуіне де қиын тиетін болды!

Бейшара жас жігіттің жағдайы күннен-күнге мүшкіл тарта түсті. Ұятсыз әйелге зайыптылық парыз жөнінде есіне сап, қожайынының сеніміне ұятсыздықпен қиянат жасай алмайтындығын, әйелдің тілегі мейірімді күйеуінің алдында ғана емес, ең алдымен, ұлы да киелі Құдай алдында күнә екендігін, сол себепті өзі бұған ешқашан келіспейтіндігін айтып, бекер тер төкті. Айтқан сөзінің бәрі зая кетті, бұл қайыспаған сайын әйел құмарлық тілегін қанағаттандыруды талап етуді арттыра түсті. Әйелдің Жүсіпке қолын жеткізуге ұмтылысын жалғастыруының тағы да бір себебі — өзінің құлы алдында қаншалықты қорланып, енді оған жеккөрінішті болатындағын, ал ол өз пәктігі арқасында бұдан еңсесі биік тұратынын түсінгендігі-тін.

Қүнә батпағына белшесінен батқан адам өзімен бірге басқаны да ала кетуге ұмтылмаған күні бар ма?! Бұл әйел алдымен өз жүрегінде күйеуінің көзіне шөп салды. Енді ол Жүсіптің де оны алдауын, сөйтіп күйеуінің алдында екеуінің де кінәлі болғанын қалады. Жас жігіт қандай қасірет шекті десе-

Оған Құдай жар болды

нізші! Өзінің сұмдық арбауға душар болған құл екенін ол тек енді ғана ұқты. Қасында ақыл қосатындай адам да жоқ еді. Егер қожа әйелдің орнында құн болса, Жүсіп онымен бір шаңырақтың астында бірге тұрмас үшін мырзасынан не оны, не өзін сатып жіберуді өтінер еді. Бірақ бұл өзіне ылғи да жақсы қарап келген билеушісінің адал жүрегіне қайтіп соққы бере алмақ? Бұл мүмкін емес-ті! Жүсіп арбаушылықпен күресіп, бәріне шыдап, үндемеуге шешім қабылдады.

Қазір дәлізде тұрған ол аспанға мұңая көз салып, осы күресте өзіне көмек көрсетуін сұрап, Құдайға жалбарынды. Қүнә жасағаннан да өлгеннің өзі артық деп ойлады ол. Мырзасын қасіретке тап қылмау үшін бұл бәріне төзуге пейіл-ді.

Қызметшілерге тапсырма беріп, Жүсіп нұсқаулар алу үшін мырза әйелінің салтанатты жатын бөлмесіне бет алды. Қөзін төмен салып, оның алдында көңіл тоқтатып, өзіне берік сенімді күйде тұр. Ішкі дірілін басуға тырысқан ол жаңа шабуылды күткен еді.

Әлсіз, ерке әйелдің алғашқы сөзінен кейін-ақ осынау қуатты еркек дірілдеп кетті.

— Жүсіп, Жүсіп! — деген ең бір көңіл елжіретерліктей өтініш секілді болып шыққан ренішті айыптауды естіді ол. Қөзін жоғары көтергенде, ханымның әдемі жүзін, оның адамды қызықтырып өзіне тартардай көркем денесін көрді. Әуейі махабатты сүйетін және соған құмар азғырғыш әйелдің сұлулығын кім суреттеп бере алмақ! Жас жігіттің жүрегі шымырлап, бойын құмарлық оты шарпыды.

Ол осы оттан алтын секілді тап-таза шыға алар ма? Әлде оны құмарлық оты жалмап қоя ма? Осы сәтте әйелдің жұмсақ қолдары мұның мойнына оратылып, жылы демі бетіне тиді. Оның ризалық сезімін білдіріп сыбырлаған еріндері бойдағы қанды ысытты. Жүсіп жас еді! Ол құл болғанмен, әлемдегі ең биік бақыт саналатын дүниенің бәрі бұған тегін берілген еді. «Иә» деген қысқа ғана бір ауыз сөз бұған ең жоғары бақыт сәтін сыйлауы мүмкін-ді. Жүсіп періште емес, адам болатын, бірақ ол аса қиын ішкі арпалысына төтеп беріп, өз әкелерінің Құдайын шақырып, Содом үстінен үкім шығарылып, қарғысқа ұшырағаны туралы ойлап, азғырушылықты жеңіп шықты. Қорікті, бірақ күнәһар әйелді жиіркенішпен әрі шошына өзінен кері итеріп, улы жыландай лақтырып жіберді де оның қолында жолақ жамылғысын тастай сала, одан тезірек қашып құтылуға асықты.

Жүсіп өз бөлмесіне келіп тізерлей құлап, осындай ауыр сағатта көрсеткен көмегі үшін Құдайға рахметін айтты. Бірақ Жүсіп өзінің кінәсіздігін сақтағаны үшін Жаратқанға рахметін айтып жатқан шақта, адамдардың мұны қорлауға беретінін білген жоқ еді. Махаббатына жауап ала алмаған әйел бұдан өзінше өш алды. Басқалардан кінәсін жасыру үшін ол үйді басына көтере шу шығарып, қызметшілерге Жүсіптің жаман ниетті қылығы ту-



## Оған Құдай жар болды

ралы — бозбаланың өзінің арын аяққа баспақ болғанын айтты. Жүсіптің жоғары лауазымын, мырзаның оған деген сүйіспеншілігін көре алмай жүрген қызметшілер бұған қуана сеніп, табалаушылық сезіммен Потифардың оралуын күтті. Өз қожасының қайтып оралуын Жүсіп те күткен. Ол өзін не күтіп тұрғанын білмейтін, бірақ іштей бәрі қалпына келер, Потифардың әйелі күйеуінен мұны сатып жіберуді өтінер деп ойлаған.

Ақыры үй иесі оралды. Оның алдында Жүсіптің ары таза еді, бозбаланың жүрегі оның бетіне ашықта тура қарай алатынына бола қуанышты дүрсілдей соқты! Потифар бұрынғыдай Жүсіпті өзіне шақыртып алып, шаруашылық жайын сұрады да, нұсқауларын берді. Сосын ол әйеліне кетті де, Жүсіп жұмысқа кірісті.

Осы сәттерде бейшара жас жігіт не сезінді екен? Оның бойын жамандық сезімі баурап алып еді. Ол Потифардың қазір өзін шақыратынын білді және бұл дәл солай болып шықты да. Қөп өтпей-ақ қуатты мысырлық ақ-



сүйек пен сорлы құл бір-біріне бетпе-бет келіп тұрды. Қожайын құлының өз сенімін ұятсыздықпен аяққа басқанына сенімді болды, ал құл болса өзін ақтауға сөз таба алмады. Кінәсінің бұлтартпас дәлелі ретінде анау мұның жамылғысын куәлікке тартса, бұл өзінің кінәсіздігін қалай дәлел-

## Ақыл жетпес Құдай жолдары

дей алмақ? Бұған кім сенеді? Қызметшілердің бәрі ханымның сөзін қостады. Егер Жүсіп Потифардың жүрегіне сүйікті әйеліне деген сенімсіздіктің улы дәнін сепкісі келмесе, оған үнсіз қасірет тартудан басқа ештеңе қалмаған еді.

Ашулы мырза Жүсіпті де кінәлі болған басқа құлдарындай жазалады. Табалаған қызметшілер Потифардың сүйіктісін алып кетіп, үстіндегі киімдерін сыпырып тастап, дүре соқты. Бірақ Жүсіпке қамшы соққысынан гөрі мырзасының өзін ұятсыз алдамшы және азғырушы санағаны қатты батты, ал мұның ақталуға мүмкіндігі болған жоқ.

## Ақыл жетпес Құдай жолдары

Жаратылыстың басталуы 39:21-23

**Ж**үсіпті түрмеге жапты. Сонда бұл Оған соншама сенген және дұрыс қызмет еткен Құдай қайда болған? Мұның мызғымас берік сенімі немен өтелді? Бір кезде Жүсіп әкесінен, бауырлары мен отанынан, еркіндігінен айырылса, енді, міне, ар-ұятынан айырылып, жаманатты болып отыр. Мұны қорлап, қол-аяғын байлап, таяққа жығылған әрі ауыру күйінде түрмеге қамап тастады. Жер бетінде оның ештеңесі қалған жоқ. Ол бәрінен де айырылды! Түрмеде жатжұрттық құл кімге қажет? Енді оның әкем әйтеуір бір сатып алар деген ең соңғы үміті де үзілді. Бұл енді ешқашан отанын көре алмақ емес! Енді ол басын әкесінің кеудесіне ешқашан қоя алмайды! Енді үміт жоқ! Бәрі бітті!

Оған Құдай жар болды

Бірақ, қасірет тартқызған ашыну дерті саябырлаған кезде, Жүсіп бойы жеңілдегендей дем алды.

Қалай болғанда да, бұл сұмдық азғыруға бел алдырмай, оны жеңіп шықты ғой! Мұның Содом отынан сақтауын сұрап сиынғаны Құдайдың құлағына шалынды — мырзасы абыройы төгіліп, қайғы-қасіретке ұшыраудан аман қалды. Бірақ Жүсіп бұған қандай құнды баға төлеумен қол жеткізді! Ол бұзылған әйелдің күнәһар құшағына түскенше, түрмедегі сабан төсектің үстінде шіріп өлуді артық санады. Жаны құтқарылып қалу үшін және Құдай алдындағы пәктігін сақтау үшін бұл бәрін құрбандыққа қиюға әзір-ді.

Жүсіп осының бәріне Құдайдың неге жол бергенін түсіне алмады, бірақ Оған сенім артып үйренгендіктен, өзінің ғажап құтқарылғандығы үшін Құдайға рахметін айтты. Бәрінен айырылған ол енді Жаратқанға бұрынғыдан да күштірек ден қойды. Мұның кінәсіздігін тек Ыбырайымның, Ысқақтың, Жақыптың Құдайы ғана білетін еді, сондықтан да Жүсіптің бірден-бір сенері де, сүйенері де жалғыз Құдай ғана болды. Әділетсіз айыптаудан Жүсіптің жаны ауырмады деп айтуға болмас. Әділетсіз айыпталған кінәсіз адамның қасірет шекпеуі мүмкін бе? Жүсіп Потифардың жарық та сәнсалтанатты сарайынан түнерген, сызды зынданға ауысуына да немқұрайды қарамады. Бозбала өз өмірінде болған өзгерістен күні-түні қасірет шекті. Бірақ оның ішкі шерін ақтара алатын және өзін түсінетін Әлдебіреу бар еді. Бұл Жүсіпке аса ауыр тиген қамауға түскен алғашқы күндері күш-қуат

берді, сөйтіп ол келешектегі жылдарда да бекіп, нығая түсті.

Қөп өтпей-ақ түрме бастығы Жүсіптің сирек кездесетін тұтқын екенін байқады. Жас жігіт өзін байсалды ұстап, абыройын түсірмеді, тапсырылған жұмысты ылғи да адал әрі шебер орындайтын. Жүсіптің мінез-құлқы оның түрмеге кінәсіз түскендігіне көз жеткізгендей еді. Мысырлық түрмеші түрмеде қаншама адамдардың кінәсіз бұғауда жатқанын білетін, Жүсіптің де солардың бірі екеніне сенімді-тұғын. Біраздан кейін оның бақытсыз еврейлік тұтқынды жақсы көріп кеткендігі сондай, оған толық сенім білдіріп, түрмедегі барша жұмыстың үстінен қарайтын басқарушы етіп қойды.

Құдай Жүсіптің өмірін қалай тамаша жөнге салды десеңші! Қелешекте бүкіл Мысыр мемлекетін басқару күтіп тұрған адам алдымен Потифардың үйінде құл, сосын түрмеде жұмыс басқарушы болуы тиіс еді. Сол кездің өзінде Мысырда мемлекеттегі жоғары лауазымды орынды алуға даярланған ақсүйек жас адамдарды оқытатын мектептер жұмыс істейтін-ді. Бірақ ұлы да қуатты Мысырда ең басты билеушіні Құдайдың түрмеде оқытып жатқанын ешкім де білмейтін еді.

Жаратқанның жолы осындай! Оның ойын кім тап басып шеше алмақ?!

## Түнектегі жарық

Жаратылыстың басталуы 40

Бірде түрмеге екі еркекті әкелді. Қиелі кітапта олардың қылмыстары туралы ештеңе айтылмаған, бірақ, шарапшы мен нан ұсынушы (перғауын сарайындағы жоғары лауазымды тұлғалар. Олар перғауынға ұсынылатын тағамның уланбауына бақылау жасайды) — перғауынның алдында кінәлі болып, қатты ашуланған билеушінің оларды зынданға тастатқаны туралы жазылған. Осы жерде уәзірлердің бастығы оларға қарауды Жүсіпке тапсырды. Ол тұтқындарды жайдары қарсы алып, жұбатуға әрекеттенді. Түнек қапаста Жүсіп күн шұғыласындай еді. Оның жүрегінде Құдай өмір сүретін және сол Құдайдың сүйіспеншілігі Жүсіптің тұтқындарға мейірімділікпен көңіл бөлуі арқылы көрінді. Бұл олардан неге кінәлі болғандарын сұрамады, бірақ әлгілердің бейшара түрлерін көріп, олардың тағдырына жанашырлық білдірді. Жүсіптің жанашыр сөздері мен өздеріне деген дұрыс көзқарасы жаңа келгендердің еңсесін көтерді. Егер біз Мәсіхке сенетін болсақ, түрмеде де бақытты болып, басқаларға қуаныш сыйлауға болады. Егер жүрегінде сүйіспеншілік бар болса, бірақ өзіңді жайсыз сезінсең, сенен де жағдайы нашар жандарды ізде. Оларға жарық түсір, сонда сен өз жандүниенді жаңа бақыттың қалай баурап алғанын көресің. Жүсіптің сүйіспеншілігі екі тұтқынның аузын ашты. Олар Жүсіпке өздерінің мұң-қайғыларының себебін айтты:



— Біз екеуіміз де түс көрдік, бірақ біз оны қалай жоруды білмейміз.

— Ах, бұған қапа болмаңдар! — деді қуанышты Жүсіп. — Түс жору Құдайдың ісі емес пе? Маған айтып беріңіздер.

Жүсіп әлгілердің мұңын сейілткісі келді, ол осыған дейін өзіне көмектескен Құдайдың қазір де көмек беретініне сенген еді. Жас жігіттің қолдауы шарапшыны көңілдендіріп, ол өзінің түсін айта бастады:

— Түсімде бір жүзім бұтасын көрдім. Бұтаның үш сабағы бар екен. Қөгере бастасымен гүлдеп, жүзім пісіп те үлгеріпті. Қолымда перғауынның шарап ішетін тостағаны бар екен. Сонда мен жүзімді алып, сығып, шырынын тостағанға ағызып, перғауынның қолына беріппін.

Жүсіп ойға шомып, кенет бәрін түсінді.

Қымбатты жан, сенде де дәл солай болады. Кейде сен Құдай Сөзінде түсініксіз жерді кездестіресің; көп ойланасың, сосын оқыстан көзің ашылғандай болады. Бізге айқын бағыт көрсткен сол Рух Жүсіпке тұтқынның түсін жоруға түсінік берді:

— Үш жүзім сабағы үш күнді білдіреді. Үш күннің ішінде перғауын ашуын мейірімге жеңгізіп, сені қайтадан бұрынғы қызметіңе қояды. Оған бұрынғысынша шарап ұсынатын боласың. Ал ісің оңғарылған шақта мені ұмытпай, перғауынның алдында мен үшін бір ауыз тілек айт, сөйтіп, мына қапастан шығуға көмектес.

Жүсіп жаңа екі тұтқынға бастапқыда ағаларының мұны Мысырға қалай сатқанын, сосын еш кінәсіз түрмеге қалай жабылғандығын айтып берді.

Оған Құдай жар болды

Еркектер бұған сеніп, алғашқысы Жүсіпке үйіп-төгіп уәде беріп жатқанда, екіншісі, наубайшы да оған өз түсін айтпаққа бекінді:

— Мен түсімде үш себет көтеріп жүріпін. Ең үстіңгі себеттің ішінде перғауынға арнап пісірілген тағамдар бар екен, бірақ оларды басымдағы себеттің ішінен құстар шоқып жеп жатыр екен.

Үмітпен өмір сүріп жатқан адамға үш күннен кейін ағаш дарға асылып, денесін құстар шоқып жейтіндігін айту Жүсіпке қандай ауыр тиіп еді десеңші. Түстер бір-біріне қаншалықты ұқсас болғанымен, жоруы соншалықты басқаша еді?

— Үш себет үш күнді білдіреді. Бірақ бұл күндер сенің өміріңнің ең ақырғы күндері, — деді Жүсіп наубайшыға. Бұл Жаратқанның: *«Екеудің біреуін періштелер қабыл алып, екіншісін қалдырып кетеді» (Матай 24:40)*, — деген сөзін еске түсірмей ме! Біреуі патша алдына барып, жоғары қызмет алу үшін өмірге қайта оралады. Екіншісі өлімге қиылады. Әрі осының бәрі бір-ақ күнде болатын оқиға!

Адамдар өмір бойы мәңгі өмірге үміттенеді, бірақ қателескендіктерін және Патша қабылдауында бола алмайтындықтарын тек өлер алдында ғана түсінеді. Қымбатты жан, өзіңнің шақырылғандар арасында болғаныңды қалап, бір орында тұрып қалмай, елші Пауыл тәрізді көздеген мақсатыңа жетуге талпын! Құдайға бағышталған қасиетті өмір кешуге ұмтылайың деп сиын. Мұнсыз ешкім Жаратқан Иені көре алмайды (Евр. 12:14)!

Енді Жүсіпке оралайық.

Оның жорыған түстері дәл болып шықты.

## Қиындықты жеңіп шығу

Үшінші күні перғауын қызметшілеріне той-думан жасамақшы болып, есіне жуықта түрмеге жабылған шарапшы мен наубайшы түсті. Ол әлгілерге қарсы тағылған айыптарды қайта қарап, екеуін де босатуға бұйрық берді. Біреуін бұған думанға мерекелік киіммен алып келді де, ал екіншінің киімін сыпырып тастап, дарға асуға сүйрей жөнелді. Патшамыз Өз қызметшілерін санай бастағанда, бізді қандай тағдыр тауқыметі күтіп тұрар екен? Сондықтан сергек болайық, ағайын!

Ал шарапшы болса, қатты қуанғандықтан Жүсіпке берген уәдесін ұмытып та кетті.

## Қиындықты жеңіп шығу

Жаратылыстың басталуы 40

**Б**ейшара тұтқын үшін екі жыл — жеті жүз отыз күн өте баяу және бір сарынды өтті. Жас жігіт түрмеде жүріп, есейді. Оның күн көзін көрмеген жүзі қуарып, солғын тартты. Жағының бәрін түк басты. Ауа мен жарықсыз бұрынғы сұлулық қара көлеңкелене түсті. Шарапшының уәдесіне сеніп, Жүсіп азаттыққа шығудан ұзақ дәмеленді. Ол үмітін үзбеді, бірақ апталар мен айлар құр босқа күтумен өтіп жатты. Тұтқынды ауыр қасірет — әлі ешкім де қашып құтылып көрмеген Құдайдан келген қайғы емес, жабырқаңқы өлімді елестетін қасірет баурап алды. Жан дүниесіндегі ауыр қасіретті жеңіп шығып, «Тіпті мені өлтірсе де, Құдайға сенім артатын боламын» деп айтып үйренгенге дейін

Оған Құдай жар болды


ұзақ уақыттар өтті. Бірақ ол бәрібір «Сенің еркің болсын!» деп айта алды. Ол өзін-өзі Жаратқанға құрбандыққа шалып, өз еркін толығымен Құдайдың еркіне бағындырды. Осымен Құдай оны тәрбиелеуін аяқтады.

Гетсиман бағында: «*Менің емес, Сенің еркің болсын*» (Лұқа 22:42) деген сөздер үшінші рет естілгенде, нақ ауыр күрес артта қалып, айқышты арқалайтын және күнә мен өлімді жеңуге жеткізетін ұлы күш пайда болды.

## Алтын ыдыс

Жаратылыстың басталуы 41:1-44

Құдай Жүсіпті тәрбиелеуді аяқтаған түні, оның бойындағы ескі адам ең ақырғы ерік-жігерімен өлген нақ сол түні перғауын бір түсті екі қайтара көрді. Бұл түстің патшаға қатты әсер еткендігі сондай, жанын қоярға жер таппады. Бұл түсті жорыту үшін перғауын таңертеңгісін қызметшілеріне Мысырдың барлық бақсы-балгерлерін, жұлдызнамашыларын (табиғаттың құпия күшін жан-жақты білетін білімпаздар), сиқыршылары мен оқымыстыларын шақыруға әмір берді. Бірақ олардың арасында мұны орындай алатын жан табылмады. Әбден қапаланып қиналған перғауын тұйыққа тірелген сарай қызметшілерінің ортасында таңертеңгілік асын ішіп отырған шақта, бас шарапшы кенеттен: «О, бүгін мен өзім жасаған бір кінәны есіме түсіріп тұрмын» — деп айқай салды. Әлбетте, бұл пер-



ғауынның алдындағы бұрынғы кінәлары емес еді. Сағаты соғып, шарапшы Жүсіп туралы, оған өзінің иттік жасағаны туралы есіне алған болатын. Шарапшы сөзін әрі қарай жалғастырды: «Патша ашуға мініп, мені наубайшымен бірге түрмеге жапқан кезде, сол түні екеуіміз де қызық түс көрдік, бірақ оны ешкім жорып бере алмады. Біз қатты қапаландық. Бірақ Құдай Рухына бөленген бір тұтқын көшпендіге түсімізді айтып бергенде, дәл жорығаны сондай, оның айтқандары тура солай болды да шықты. Мен бұрынғы қызметіме оралдым да, наубайшы дарға асылды».

Бас шарапшы перғауынға жағу үшін Жүсіпті дәл суреттеп, оның қабілеттерін атап көрсетіп, әлгінің түрмеде еш кінәсіз сарғайып қамауда отырғанын қосып қойды. Сарай қызметшілері де билеушісінен сол ерекше тұтқынды алғызып, мазалаған ойдан құтқаруын өтініш етті. Перғауын бұған келісті және онысына ешқашан да опынып көрген жоқ. Ол Жүсіпті алып келуге бұйырды. Жүсіп үшін бұдан бірнеше жыл бұрынғыдай күндер туды. Бақытқа кенеліп, өміріне дәне риза болған ол өзінің

Оған Құдай жар болды

үйреншікті міндеттерін орындап, жолдастарын сергітуге тырысты. Оның жан дүниесін қиын күрес арқылы келген терең бейбіт тыныштық жайлап алған еді. Ол айналасындағыларға махаббатқа толы көзбен қарайтын, осы көзқарас тұтқын бейнесін айрықша сәулелі шұғылаға бөледі. Ол өзін іздегендердің алдынан нақ осы қалпында шықты. Олардан патша алдына барып, оның түсін жоруы керектігін естіді. Жүсіп бұрындары болса, ақыры өзім жөнінде айтуға мүмкіндік туды-ау деп үлкен қуанышқа бөленер еді, бәлкім; бірақ ол бүгін толығымен Құдайдың еркіне бағынып, Оның өзімен не істейтінін салмақты түрде асықпай тосумен болды. Ол жуынып-шайынып, сақал-шашын алғызып, перғауынның алдына киіп баруға тиісті жаңа киімдерді алғандығы үшін риза еді.

Тұтқынды алып келуге жұмсаған қызметшілер Жүсіпті көріп таң қалысты. Оның әдеміленіп әрі есейіп кеткені сондай, олар оны эзер таныды. Бұл кезде перғауын жедел түрде бүкіл сарай қызметкерлері мен Мысырдың барша ақылгөй даналарын жинап алған болатын. Жиналғандардың барлығының назары залға кірген жас жігітке ауды. Жүсіпті көрген перғауын бірден:

— Мен бір түс көріп, соны жоритын ешкімді таба алмадым. Бірақ сенің кез келген түсті жори алатыныңды есіттім, — деп тіл қатты іштарта.

— Тақсыр, түс жори алатын мен емес. Перғауынның игілігі үшін жоруын Құдай Өзі бермек.

Бұл дана жауапқа қуанған патша өзінің көрген түсін айта бастады:

— Түсімде өзен жағасында тұр екенмін. Сол кезде судан жеті семіз, күйлі сиыр шығып, қамыс ішінде жайылып жүрді. Кейінірек мен олардан басқа, еті сүйегіне жабысып қалған, ұсқынсыз, арық тағы жеті сиырдың судан шығып келе жатқанын көрдім. Әлгі жеті арық, ұсқынсыз сиыр бірінші көрінген жеті семіз сиырды жеп қойды. Бірақ олар семіз сиырларды жеп қойса да, бұрынғысынша ұсқынсыз, арық күйлерінде қала берді. Сол жерде оянып кетіп, қайтадан түс көрдім. Түсімде бір сабақтан әдемі, толық піскен жеті масақ өсіп тұр екен. Содан кейін қатып-семіп қалған, сидиған арық тағы да жеті масақ өсіпті. Сол сидиған арық жеті масақ әдемі, толып піскен масақтарды жұтып қойды. Мен көрген түстерімді сәуегейлерге айтып беріп едім, бірақ олардың ешқайсысы да дұрыстап жорып бере алмады.

Әңгімесін аяқтап, патша сұраулы кескінмен Жүсіпке қарады, ал ол:

— Екі түс те бір-ақ нәрсені білдіреді. Құдай перғауынға не істеу керектігін айтады, — деді.

Бәрі, әсіресе патша, Жүсіп асықпай-саспай, сенімді түрде жеті жыл бойы Мысырда болар ас та төк молшылық пен тоқтық, сосын жеті жыл бойы жерді қуартып, солдырып бітіретін аштық туралы айта бастағанда, оған таңдана қарап қалысты. Түстің екі рет қайталануы Құдай сөзінің ақиқаттығын, оның жуықта орындалатындығын білдіреді.

Түс жорылды, Жүсіптен ақыл сұрамағандықтан, ол үндемесе де болар еді. Бірақ сүйіспеншілік үндемей қала алған ба?! Жарық неге сәулесін тү-

Оған Құдай жар болды

сірмес?! Сол секілді Жүсіп те сөзін жалғастыра берді. Тұтқын бұларға Құдайдың перғауынға түс көрсеткені — дер кезінде шара қолдансын дегені деп, кеңес берді, бұған патша мен оның айнала-сындағылардың бәрі қайран қалды. Сол себепті перғауын астықтың түсімін есептеп, оған бақылау жасайтын және халыққа молшылық жылдары түсімнің бестен бір бөлігін перғауынға тапсырып отыруға бұйрық беретін ақылды да дана адамды іздеп табуы керек. Бақылаушылар астана мен басқа қалаларда егін, нан қорының жасалуын қадағалайтын болады. Алғашқы жеті жыл ішінде астық өнімдерін сақтау үшін барлық жерде қоймалар салу керек, бұл келесі құрғақшылық жеті жылда елде ешкімнің ашықпауы үшін қажет.

Жүсіп бағалы кеңес берді! Перғауын өз қызметшілеріне қарады — мұндай ой олардың ешқайсысының басына келмеген болар еді. Отырғандардың бәрі тұтқынның аузымен Құдайдың Өзі сөйлеп, оны бұлардың өмірлерін сақтау үшін жібергенін сезінді. Жүсіптің сөзі бәріне ұнап, оның ұсынысын баршасы қабыл алды. Бірақ Жүсіптің Құдай елшісі екеніне сенімді перғауын одан әрі тереңдеп:

— Бойында Құдай Рухы бар адамды біз қайдан табамыз? — деп сұрады.

Тек Мысырдың ғана емес, көрші елдердің де тағдырын қолында ұстайтын билеуші тек Құдай Рухының жетегімен жүретін жан ғана болуы керектігіне бәрі де сенімді еді. О, қазіргі заманғы мәсіхші сонау ежелгі дәуірдегі пұтқа табынушылар



мен олардың дана билеушісінің алдында қатты ұятты болар еді-ау, сірә!

Шағын кеңестен кейін Жүсіп өзін түрмеге қайта қашан апаратынын тосып тұрған кезде патша оған тіл қатып, бүкіл ақсүйектердің алдында Жүсіптің өміріндегі ең маңызды сөзді айтты:

— Мұның бәрін саған Құдай білдіріп тұр екен! Өзің сияқты ақылғөй, дана ешкім де жоқ. Иә, сен маған керекті адамның нақ өзісің. Өзіңнің даналығыңмен және парасаттылығыңмен біздің елімізді аштық өлімнен құтқарасың. Бұдан былай менің сарайымды қарамағыңа аласың, бүкіл халқым сенің айтуыңмен жүруге тиіс. Мен патшалық тағыма байланысты ғана сенен жоғары боламын. Міне, мен сені бүкіл Мысыр елінің әміршісі етіп тағайындаймын, — деп шешімін айтты. Сөзінің растығының дәлелі ретінде патша қолынан өзінің мөрі бекітілген сақинасын шешіп алып, Жүсіптің саусағына кигізді (Мөрлі жүзік нақты биліктің белгісі болып табылатын).

Залдан патшаның киім-кешек тұратын бөлмесіне апара жатқан кезде Жүсіпке бәрі төмен иіліп тағзым етті және сол жерде ол үстінен қызметші киімін мәңгілікке шешті. Оған сәнді киімдер кигізді. Жүсіптің мойнына алтын шынжыр тізбегін салған патша жаңа билеушіні үлкен сән-салтанатпен өзінің екінші күймесімен алып жүруге әмір берді. Құйме алдында жүгіріп келе жатқан жаршылар топқа: «Бас иіңдер! Біздің жеріміздің билеушісі келе жатыр! Тәжім етіңдер!», — деп айқайлады. Бүкіл жұрт Жүсіпке иіліп тағзым етті!

Оған Құдай жар болды

Жүсіпке бұл қалай әсер етті? Ол жас әрі дарынды болғанымен, періште емес, адам еді, ал адам жүрегінде менменшілдікке әрқашан да орын табылады. Бірақ Жүсіп мұндай құрметке Құдайдың тәрбиесінің арқасында бойындағы «мені» толық жоғалып, Оның еркіне бағынғаннан кейін ғана қол жеткізгендігіне қуанышты болатын.

Егер бұл ертерек болса, кім біледі, мүмкін, атақ-даңқ мұны масаттандырып, мас қылар ма еді? Мүмкін, перғауын мен оның сарайындағылардың қоршауында ол тірі Құдайдан сырт беріп, тас мүсін — пұтқа табына бастар ма еді? Десе де, Құдайдан артық тәрбиеші жоқ! Онда айрықша жоспар бар еді: алдымен қарт Жақып Жүсіпті үйретті, сосын Құдай баланың құлдыққа сатылып кетіп, азапты қайғы-қасірет мектебі арқылы өтуіне, әділетсіз жала жабуға тап болып, қайғы-қасірет пен азаптарды басынан өткеруіне жол берді. Құдай Жүсіпті тәрбиелеуді аяқтаған кезде ол Жаратқанның бейнесін шағылыстырып көрсеткен айнадай алтын ыдысқа ұқсайтын еді.

Құдай қандай мінез-құлықты қалыптастырады! Қымбатты жан, Құдайдың сені де Өз мектебіне алып, сені Өзінің еркі бойынша әрекет етуге үйретіп, сен менмендіктен, асқақтықтан, атаққұмарлықтан арылып, сен арқылы Құдай ардақталу үшін Оған өтініш етіп сиын. Жүсіп әрі қарай да астамшылыққа бармады. Патшаның күймесінде отырғанда мысырлықтар өзіне тәжім еткен кезде, Жүсіп осы халықты сүйіспеншілікпен жүрегіне сидырып, өзіне берілген ұлы тапсырманы орындауға дұға етіп

дайындалды. Жүсіп өзін Құдай еркіне және Оның жетегінде жүруге толық бағындырды. Құдай Жүсіпті асқақтатып, оны Мысырдың билеушісі етіп тағайындаса да, ол бұрынғысынша, зынданда айтқан: «Менің емес, Сенің еркің болсын!», — деген сөзін тағы да қайталады.

Сонымен, Жүсіп нағыз билеуші болды! Тірі Құдайдың қызметшісі пұтқа табынушы мемлекетті басқарды. Осы шыңда ол жарығы бар жақтан анық көрінетін шырақ шамдай жарқырап тұрып, барша халықтың көз алдында өзінің Құдайына қызмет етуі керек-ті. Жүсіпке мыңдаған көз қадалып отырған-ды, егер бұл мүлт кететін болса, өз өмірін арнаған Құдайының ісін масқаралар еді. Бірақ Жүсіптің еркі Құдай еркіне ешқашан қарсы келмейтін, ал бұл бағынған Оның еркі ылғи да ізгі болатын. Жүсіптің бойындағы Құдай жарығы әлсіреп өшпеді, оның аяғы да тасқа шалынбады. Ол өмірінің аяғына дейін Жаратқан мен ізгі іске қызмет етуге дайын алтын ыдыс болып қалды.

## Батаға толы өмір

Жартылыстың басталуы 41:45-57

Өзінің жаңа лауазымымен бірге Жүсіп жаңа Сафнат-Панеах деген есім де алды. Бұл есім Мысырда көп жылдар бойы үлкен құрметпен аталып, басқаларының бәрінен қадір тұтылды. Жас билеуші сарайда болып, жоғары қоғамға қабылданды. Осы кезде Құдай оны бұған дейін көз көрмеген бақытпен



марапаттады. Жас билеуші мен бір сұлу қыз екеуі бір-бірін ұна-тып, соңы шынайы махаббатқа ұласты. Бұл патшаның қолын сұрап, патша бұған Хелиополис қаласындағы діни қызметкер Потифердің қызы Асенетті әйелдікке алып берді. Бұрындары басынан өткерген сынақтарының өтеуі ретінде Жүсіпке өзін сүйетін мейірімді әйелдің ері болу бақыты жазылса, бұл оны шынайы Құдайды тануға алып келді. Бұлар Жүсіпті осындай ғажап жолмен бастап келген Жаратқанға бірге қызмет етті. Бұл бақытты зайыптылық еді.

Осылайша, Мысырдың билеушісі болған Жүсіп жаңа қызметіне Потифардың үйі мен патша зынданында бойына сіңірген ептілікпен және қырағылықпен кірісті. Ол Мысыр бойынша сапарға шығып, оны барлық істе жетістіктер күтіп тұрды. Жүсіп Мысырдағы жер қойнауындағы топырақтың сапалық жағдайын тексеріп, білікті шенеуніктерді іріктеп алып, халықты жеті жыл бойы жиналған өнімдерінің бестен бір бөлігін мемлекетке тапсырып тұруға көндірді. Жас билеуші орасан зор ауқымды жұмыстарды атқарып, патшаға қайтып оралды.

Жүсіп болжап айтқан молшылық уақыты шынында да туды. Жаңадан салынған қоймаларына астықтың қалай түсіп жатқанын көрген халық жеті жыл молшылықтан кейін жеті жыл ашаршылық

болатынына сенді. Сол себепті адамдар өз өнімдерінің бестен бір бөлігін перғауынға тапсырып, кейбіреулер астықты өздері үшін де сақтады. Бұл дұрыс та еді.

Өткен жылдар ішінде қамбаға астықтың көп құйылғандығы сондай барша қорды санаудың өзі қиын еді. Жүсіптің нұсқауымен Гесем жеріндегі жаңа қамбаларға астық толтырылғанда, ол осы өнімнің әкесі мен ағаларын, бүкіл өзінің отбасын өлімнен құтқарып қалатынына күмән келтірмегенді. Қымбатты жан, егер сен өзіңе Құдай жүктеген міндеттерді адал орындасаң, бұл сенің туыстарыңа да бата болып тиетініне сенім арта аласың.

Егер Құдай Жүсіпті дер кезінде жібермегенде, Мысырдағы орасан мол өнімнің тағдыры не болар еді? Шетелдік және жергілікті саудагерлер шаруалардан астықты арзан бағаға сатып алып, елден сыртқа алып кетер еді. Әлбетте, бұдан кейбір жекелеген адамдар байыр еді, бірақ мемлекет қазынасы толықпасы анық-ты.

Осылайша баталы жеті жыл өтті, бұл жылдар Жүсіп үшін айрықша бақытты әрі мәнді болған еді. Ол екі ұлдың әкесі болды. Жер бетіндегі осы бақытына ризашылығы оны Жаратқанға одан әрмен жақындата түсті. Бұл туралы Жүсіптің ұлдарына берген есімдері айтады. Ол тұңғыш баласын Манаса деп атады, өйткені бұл



Оған Құдай жар болды

Жаратқанның арқасында өз бақытсыздықтарын ұмыта алған еді. Жүсіп нені ұмытты? Ол қорлаған құлдық пен түрмені, сол секілді өзін қатты қинаған елі мен жақындарына деген ыстық сағынышты ұмытқан-ды. Әрине, ол әкесін ұмытқан жоқ, сондай-ақ ол Мысырдағы жоғары қызмет жағдайына қарамастан, өз елін сүюін де тоқтатпады. Ол тек жүрек сағынышын баса алды. Мұндай сағыныш қазіргі күні жат елде еңбек етіп жүрген әрбір елшінің де басынан өтеді. Жүсіп өзіне Құдай белгілеген жағдайға сіңісіп, көндігуге үйренді. Жүсіптің жүрегіндегі сағыныштың күштілігін бағы жанып патшаның сүйіктісі әрі билеуші болған, өз жұмысын сүйген бұған еліне деген сағынышын басып, көндігу үшін екі жылдан астам уақыт керек болғандығымен бағалауға болатындай. Тұңғышы туылып, әйелінің отаны оның тұңғышының отанына айналған кезде Жүсіп те Мысырды ұлының бесігі ретінде сүйді. Әлемді жаратушы — Жаратқан Иенің Өз пенделерін дәл осылай сүйгені кәміл. Бірақ Оған да біздің бейшара Жер дүние оның үстінде Назареттен шыққан Иса пайда болған сағатта ғана бүкіл Әлемдегі ең қымбатты мекен болып саналды.

Бата берілген жеті жылдың соңына таман туылған екінші ұлына Жүсіп Ефрем деген есім берді, өйткені Құдай мұны бұрын жапа шеккен жерде өнімді қылған еді. Бұл кезде Жүсіп ауқатты әрі елге қадірлі адам болатын, бірақ ол бұрынғысынша көнбіс, момақан күйінде қалып, бәрі үшін жалғыз Құдайға рахмет айтты.

Мысырдағы жеті жыл молшылық бұл дүниедегі

барлық басқа нәрселер тәрізді тез-ақ өте шықты. Қорші елдердің бәрінде аштық басталып, тек Мысырда ғана нан болды. Мысырлықтарға көршілеріндегі бақытсыздық туралы сыбыс жеткенде, өздерінің қуаңшылыққа ұшыраған егістіктерін көрген бұлар Жүсіптің есімін қандай құрметпен атады десеңші! Патша да, халық та Жүсіптен мемлекеттің қорғаушысы мен құтқарушысын көрді. Екі жылдан кейін мысырлықтардың астық қоры түгесілді, ал халық қамбалардағы астық жеткілікті деп ойлап, оны перғауыннан сұрай бастады.

Бірақ патша оларға: — Жүсіпке барыңдар! Ол не айтса, соны істеңдер, — деді. Халық Жүсіпке келіп, ол қамбаларды ашқызды да, мысырлықтарға нан сатқыза бастады. Ғажап іс! Әрбір қалада астық сақтау қамбалары мен қала тұрғындарын нанмен қамтамасыз етуді бақылауға қойылған бақылаушылар бар еді. Бірақ халық көмек сұрап алысқа барды, көмек болса, дәл қастарында-тын. Дәл осылайша жер мен көктің Құдайы барлығының үстінен қарауға Өзінің Қөктегі Жүсібін қойды да, бәрін Соның қолына берді. Көпшілік жұрт бұл Жүсіпті айналып өтіп, Құдайдың өзіне тура баруға тырысады. Бірақ олардың әрекеттерінің бәрі зая. Алдымен Исаға бару керек. Қөктегі Әке Өзінің Ұлын айналып өтуге жол бермейді. Базбіреу рухани сусынын қандыру үшін дала кезеді, бірақ Құтқарушысының тым жақында тұрғанын білмейді! Астықтың мол қорына қарамастан, Жүсіп астық қоймаларын ашқанша халық ашығумен болды. Қие-лі кітапта рухани азық пен өмір талшығының мол

Оған Құдай жар болды

қоры бар екендігіне қарамастан, дәл осылайша қазіргі күні де рухани ашаршылықтан бүтін бір халықтар азап шегіп, өлім құшуда! Егер кілті болмаса, астық қамбасының қандай пайдасы бар? Қиелі кітапты ашатын кілтті саған тек Иса ғана бере алады. Құдай Ұлы әлгі қазынаны ашқан кезде ғана сенің ашығуың мен шөлің басылатын болады. *«Маған келгендер рухани нәрден тарықпай, сенгендер ешқашан шөлдемейтін болады»*, — дейді Ол (Жохан 6:35).

Астық қамбаларының есігі ашылып, мысырлықтар асқа тойысымен бұл туралы қуанышты хабар елден сыртқа тарап, астық сатып алу үшін Жүсіпке басқа елдің тұрғындары да келе бастады. Егер Құтқарушы сенің аштығыңды басып, шөліңді қандырса, бұл туралы басқаларға айт. Көп өтпей-ақ басқа да ашыққандардың Көктегі Жүсіпке келетінін көресің. Ол әлгілердің алдынан Өзінің мейірімділігінің сарқылмас байлық көзін ашады.

## Орындалған түс

Жаратылыстың басталуы 42:1-24

Жүсіпті аз уақыт кейінге қалдыра тұрып, оның тамаша еліне, Жақып пен оның ұлдарына ауысайық. Барлық жердегі тәрізді, мұнда да ашаршылық басталды. Жақыптың отбасы таусылып бара жатқан астық қорына қорқынышпен көз салды.

— Нені күтіп отырсыңдар? — деді Жақып ұлдарына. — Мен Мысырда астық сатып алуға болатынын естідім. Жол арасы қашық, бірақ бізге сонда



барып, астық сатып алудан басқа еш амал қалмады, әйтпесе аштан өлеміз.

Астыққа малайларды жіберуге тәуекел ете алмаған он азамат әйелдері мен балаларының тағдырынан қорыққандықтан Мысырға өздері аттанды. Бұлар баяғы бір кездері ысмағұлдықтар керуенімен Жүсіп жүріп өткен жолдарды басып өтті. Бірақ оның ештеңе сатып алғысы келмеген-ді, өйткені өзі сатуға арналған тауар еді ғой.

Жол алыс-ты, сондықтан Жақыптың ұлдарына өздерінің құлдыққа сатылған бақытсыз бауырларын естеріне түсіруге уақыттары жеткілікті еді. Жолда бір пәлеге ұшырап қалар деп әкесі бұларға өздерімен бірге Бунямиді ала кетуге рұқсат бермеді. Әкесінің бұл сөзі ағайындылардың есіне Жүсіпті түсірді. Жолда Рубен: «Мұнда, жат жерде, кезінде өзім босата алмаған бауырым құлдықта азап шегіп жүрген шығар. Егер тірі болса, оны сатып алар едім-ау!» — деп ойлаған шығар, бәлкім.

Ақыры Жақыптың ұлдары Мысырдың астанасына келіп жетті. Олар үлкен керуен-сарайға тоқтады, бұл жерде олар түйелерін азықтандырып, суарып, өздерінің де әбден шаршатқан ұзақ жолдан кейін дем алып, астықтың бағасын, қай жерде сатылатынын сұрап, білулеріне болатын еді. Ағайындылар өздерін астық қамбаларына бастап апаратын жолбастаушы жалдап алды. Жолда ол қазір астықты билеушінің өзі сататынын, бағаны да өзі қоятындығын хабарлады. Бұл арада билеушінің бар екенін кіре берісте тәртіпті бақылап тұрған күзетшілерден-ақ білуге болар еді. Ішке киімдері бір-біріне

Оған Құдай жар болды

ұқсамайтын, әр түрлі тілде сөйлеген, әр жақтан келген халық өкілдері кіріп жатқан-ды, олардың бірде-бірі құр қол шығып жатқан жоқ. Барлығы қуанып, ризашылықпен тарасуда.

Қамба табалдырығынан ширақ аттап ішке кірген Жақыптың ұлдары бірден бүкіл қала халқы құрмет тұтатын, әр елден саудагерлер керуені асығып келетін адамның алдына тап болды. Ағайындылар құрметтеу белгісі ретінде жерге дейін иіліп сәлем беріп, оның алдына тізерлей отырды. Сол себепті бұлар Мысырдың жас билеушісінің жүзі қалай қуқыл тартып кеткенін көрген жоқ. Ол өзінің бауырларын қайтадан көрді. Бір кезде өзі тізерлей отырып кешірім жасауды босқа жалбарына сұраған ағалары енді, міне, мұның алдында астық сатуды өтініп, момақансып отыр. Жүсіптің жүрегін қандай сезім биледі? Бір сәт ол ағаларының өзіне тартқызған азаптарын есіне алды.

Ағайындылар мұны танымады, ал Жүсіп осы жылдар ішінде бұлар өзгерді ме екен, Жаратқан олардан Өзіне адал қызмет ететін жаңа адам жасады ма екен, соны білейін деп, әлгілерді сынауға бел буды.

Сөйтіп оларға орындарынан тұруға әмір берді.

— Қайдан және не үшін келдіңдер? — деп сұрады ол қатқыл дауыспен.

— Астық сатып алу үшін Қанақан жерінен келдік, — деп жауап қайтарды қорыққандарынан одан әрмен төмен иіле тәжім еткен олар. Жүсіп енді бұлардың өз бауырлары екеніне сенімді болды. Сонау бозбала шағында көрген түсі қаз қалпында орындалды. Енді олардың «баулары» мұның «бау-



ларының» алдында бас июіне тура келді, бұлар өзінен астық сұрап келіп отыр ғой. Оның есіне ағаларының: «Қараңдар, түс көргіш келе жатыр!» деген сөздері мен бір нәрсені білуге тіміскілеп келді деп өзін айыптағандары түсті. Енді бұлар да жазықсыз айыпталып, ақталуға мүмкіндік таба алмаудың кандай қиын екенін сезініп көрсін. Олардың шындықты айтқанын білсе де, Жүсіп әдейілеп:

— Сендер біздің жерімізге келген тыңшысыңдар, — деді одан да қаталырақ дауыспен. Қызметшілер мен күзетшілер өз мырзаларының мұндай қаталдығын ешқашан көрмегендіктен, қатты таңырқасты. Бірақ егер ол бұл адамдар арамдық ойлады десе, ендеше, солай болғаны. Өйткені Жүсіп құпияның бәрін білуге қабілетті ғой. Қызметшілердің қаһарлы көзқарастарынан өздерін құптамаушылықты байқап, шошып кеткен Жақыптың ұлдары өздерінің бір адамның баласы — яғни туған бауырлар екендігін, ешқашан ұрлықшы болмағандарын түсіндіруге асықты. Бірақ Жүсіп өз дегенінен қайтпады.

Оған Құдай жар болды

Мына адамның алдында өздерінің кінәсіздігін қалай дәлелдеуге болады?! Олар бір әкеден туған балалар екендігін, он екі ағайынды екенін, оның біреуі, кенжесі үйде әкесімен қалғанын, ал екіншісінің баяғыдан бері бұлардың арасында жоқтығын қайта-қайта айтумен болды. Олардың сөздеріне қайтарылған жауап:

«Сендер тыңшысыңдар! Сендерді өзім тексеремін! Перғауынның өмірімен ант етемін, өздеріңнің кенже інілеріңді осында алып келгенше, сендерді босатпаймын. Біреуің барып оны алып келсің, ал қалғандарыңды шындықты айтқан-айтпағандықтарың анықталғанша, қамауға аламын. Егер сендер алдап, өтірік айтқан болсаңдар, перғауынның өмірімен ант етемін, сендер — тыңшысыңдар» — деген қатал айыптау ғана болды. Өзінің қысқа сөзінен кейін Жүсіп қолымен белгі берді — зәресі ұшқан ағайындыларды зынданға алып кетті. Бұлар Құдай жолымен жүрмегендіктен, Одан көмек сұрай алмайтын еді, дегенмен, өздерін кінәліміз деп те сезінген жоқ. Бұларға қандай қорқыныш пен қайғы-қасірет төнді десеңізші! Бұл дәл баяғыдағы өздерінің арам пиғылдарына орай Жүсіптің басына түскен қасірет тәрізді еді.

Олар өздерінің бейшаралық халге түскен әйелдері мен балаларын, қарт әкесінің мүшкіл жағдайын көз алдарына келтірді. Егер бұлар түрмеден шықпаса, туған-туысқандарының бәрі аштан қырылады. Шынында да, қиыншылық көптеген адамдарды сиынуға үйретеді. Қорқыныш көпшілік жағдайда кінәні мойындап, тәубеге келуге мәжбүр

етеді. Үш күн, үш түн зынданға қамалған ағайындылар Құдайдан кешірім сұрап сан рет жалбарынды. Бұлар бастарына түскен қайғы өздерінің күнәлары үшін жіберілген жаза екендігін түсінді. Дәл қазір ағайындылар кінәлі болмаса да, өздерін Құдай жазалағанына сенімді-тұғын. Олар күнәһарлық түстен оянып, жаңа өмірге қайтып оралды, бұл күндер олар үшін ең бір баталы, ізгі күндер болды. Сынақ аяқталған кезде ағайындылар енді бәріне бойсұнған момақан күйге түсіп, Жүсіптің алдында тұрды. Бұлар өздерін не күтіп тұрғанын білмей, Құдай сотын орындаушының алдында (Мысыр билеушісін бұлар дәл солай қабылдаған болатын) зәре-құттары қалмай дірілдеп тұрды.

Ағаларын қамауға алу Жүсіпке оңай тиген жоқ. Оны еліндегі аштық азабын тартып жатқан әкесі мен туыстары туралы ой қинаған еді. Бірақ Құдай Рухы Жүсіпке бауырларының күнәларын жаза арқалы мойындатуға әмір берді. Сөйтіп ол: «Құдай сендермен не істеу керегін ойыма салды. Егер сендер адал адам болсаңдар, бауырларыңның біреуін түрмеде қалдырып, қалғандарың ашығып жатқан отбастарыңа астық апарып беріңдер де, маған кенже інілеріңді алып келіңдер», — деген үкімін шығарды.

Жазадан қорыққан ағайындылар бұрынғы күнәларын мойындауға мәжбүр болды. Сөйтіп олар баяғыда өздері жасаған күнә туралы айта бастады. «Біз өзіміздің бауырымыз үшін жаза тартып отырмыз. Біз оның қалай қиналғанын көріп, бізге қалай жалынып-жалбарынғанын естісек те, оған жаны-

Оған Құдай жар болды

мыз ашымады. Сол үшін осындай бақытсыздыққа тап болып отырмыз», — десті.

Рубен: «Мен сендерге мойындарыңа күнә артаңдар деп айтпап па едім? Бірақ сендер тыңдамадыңдар. Міне, ініміздің қаны бізді жібермей, сазайымызды тартып отырмыз», — деді.

О, бұлардың бір-бірін айыптауын есту Жүсіпке қандай қиын тиіп еді десеңізші! Ол есік сыртына шығып, көз жасына ерік берді. Ал ағайындылар бұлардың тілін Мысыр билеушісі түсінбейді деп ойлады... Бірақ Жақыптың ұлдары кінәларын толық мойындамап еді, себебі олар бір-бірін кінәлаумен болды. Сондықтан Жүсіп қатал сынағын одан әрі жалғастырды.

Қымбатты жан, Құдай саған өз күнәларыңды көрсеткен шақта, олардың бәрін толық мойындауға әлі дайын болмасаң, кінәні басқа біреуге аударсаң, Қөктегі Жүсіп сені кешірім туралы ізгі хабармен қуанта алмайды. Өздері қайтып келгенше Мысырда қалдыруға шешкен Шимонмен ажырасу ағайындыларға оңай болмады.

## Қасіретті оралу

Жаратылыстың басталуы 42:45-38

**Ж**олда ағайындылар қаптарын ашып, күтпеген жерден ондағы сатып алынған астықты ғана емес, оған төленген ақшаны да көрді. Жүсіп әлгілердің Мысырда бастарынан кешкендерін ой елегінен өткізуін қалап, олардың ақшаларын қайтарып

бергендей. Бұған қоса ол өзіне туыс жандардан астық үшін ақы алғысы келмеді. Олар бұған келген екен, енді бұдан бәрін де — жақсылықты да, жамандықты да тегін алуы тиісті. Сол секілде сен де, қымбатты жан, өзіңнің Қөктегі Жүсібіңнің қолынан сынды да, сыйды да алғыс айтумен алуға тиіссің.



Жақыптың ұлдарының оралуын үйдегілер асыға күтті. Туғандарының ешбірі де ағайындылардың бірі қайтпай қалады деп ойлаған емес-ті. Әкелері нан әкелген үйлерде қуаныш болса, Шимонның үйі жылау-сықтауға толы еді. Жұрттың бәрі қайтып оралғандардан Шимонның неге кінәлі болғанын, неліктен мұндай бақытсыздыққа тап болғандығын сұрады. Ағайындылар Мысырда не боп, не қойғандығы жөніндегі оқиғаның бәрін айтып шықты. Олар тек бір-ақ нәрсені — бауырлары өздерінің күнәсі үшін жазаға тартылғанын, бәріне өздері кінәлі екендіктерін ғана айтпай, іштеріне бүгіп қалды. Бұлар: «Біз неге жаза тартқанмызды өзіміз білеміз. Бұл жөнінде өзімізден басқа ешкім білмеуге тиіс», — деп ойлады. Жақып оларға: «Сендер мені Жүсіп пен Шимоннан айырдыңдар. Енді Буяминді де алып кеткілерің келе ме? Бұған мен қалай шыдаймын?!» — деп қапаланды. Егер ағайындылар өздерін кінәлі сезінбесе, ақталу үшін: «Бізді бостан-босқа айыптама, әке. Біз Жүсіпті жыртқыш

## Оған Құдай жар болды



аңнан құтқара алмадық, Бунямінді алып келуді талап еткен Мысырдың қатал әміршісін де ойынан қайтуға көндіре алмадық», — дер еді. Бірақ ағайындылар үндемеді. Қінәсін жеңілдету үшін әкесіне тіл қатқан жалғыз Рубен ғана: «Егер мен Бунямінді қайтарып әкелсем, менің екі ұлымды өлтіріңіз. Бунямінді менімен бірге жіберіңіз, маған сеніңіз, оны қайта алып келемін», — деген болды. Бірақ әкесі Рубеннің ұсынысын қабыл алмады. Жақып оған қарағанда басқа ұлдарына көбірек сенетін. Егер ол Бунямінді базбіреуге берер болса, Рубенге ең соңында ғана сеніп тапсырар еді. Жақып: «Бунямінді сендермен бірге жібермеймін. Жүсіптің өлімінен кейінгі жалғыз жұбанышым сол ғана. Егер жолда бір пәлеге ұшырап қалса, жүрегім мұны көтере алмай, қайғы-қасірет шегіп өлермін», — деп өзінің ақырғы сөзін айтты. Ол Буняміннен айырылып қалмау үшін, Шимонды құрбандыққа шалуды жөн деп тапты.

Бірақ сен, Жақып, Құдайдың жоспарын өзгерте алмайсың. Сенің кенже ұлың үлкенін құтқару үшін міндетті түрде Мысырға баруы тиіс. Құдай белгілеген нәрсе орындалмай қоймайды.



## Тағы да Мысырға сапар

Жаратылыстың басталуы 43

**К**аншама сақтанып, үнемдегенмен әкелінген астық көпке жетпеді. Жақыпқа ұлдарын тағы да Мысырға аттандыруға дайындау керек болды. Оларға жолға ақша беріп, мысырлық әміршіге өз жеріндегі ең жақсы: бал, зэмзэм, ладан (ауада қататын хош иісті ағаш сөгі), тәтті-дәмділер мен пістелер, бадам тәрізді әлгіндей ашаршылық жылдары бағалы сыйлықтар болып табылатын дәмтұздарын тарту-таралғы ретінде алып баруды тапсырды. Жақып өзінде қалғандарының ең жақсыларын жіберді. Бәлкім, сонысымен баяғыда ағасы Есаудың ашуын жұмсартқысы келгендей, әміршінің де қаһарын қайтарғысы келген болар (Жар. баст. 32:13-15).

Дегенмен ол Жүсіп қойған жалғыз шартты орындағысы келмеді. Мысыр әміршісі егер өзіне Бунияминді алып келсе, Шимонды босатып, Жақыптың бүкіл отбасын астықпен қамтамасыз етемін деп уәде берсе де, әкесі өзінің сүйікті ұлынан ажырағысы келмеді. Егер сен, қымбатты жан, сенен Иса Тәңір талап еткен нәрсені орындағың келмей, сол күйінде қалдырғың келсе, Онымен жақындасамын деп босқа әуре боласың. Егер сен Ол үшін өзіңдегі ең қымбаттыны садақа етсең, онда рухани сыйларға белшеңнен батасың. Солардың көмегі арқылы сен Мысырдағы құлдықтан азап шеккен бауырыңды ғана құтқармайсың!

Жақып Бунияминді қасынан жіберуге көп уақыт

Оған Құдай жар болды

келіспеді, бірақ оны Яһуда: «Егер біз аялдап қалмағанда, Мысырға ендігі екі рет барып келетін едік», — деп иландырып бақты. Әкесі ақыры көнді. Осы бір шабандық, баяулық-ай десеңші! Қымбатты жан, сен асықпай, өзіңнің Буняминді беруді қаншалықты кешеуілдетсең, басқаларды соншалықты ұзақ уақыт ашаршылық пен мұқтаждықта қалдырасың. Жақып Жаратқанға бар жүрегімен жалбарына сиыңды және тек содан кейін ғана екі ұлының да қайта оралатынына сенді. Бұл сенім оған күш беріп, ол ұлдарының оралуын тағатсыздана күтті.

Жүсіптің ағаларының екінші сапары біріншісінен өзгеше болды. Бірінші жолы олар өздерін Мысырда не күтіп тұрғанын білмей, тек астық туралы ғана ойлаған-ды. Бұл жолы олар енді өздерін қатал әмірші — Құдай сотын орындаушының тосып алатынын білетін еді. Олар Шимонды босатып алудың сәті түсе ме, жоқ па, Буняминді әкемізге қайтарып әкеле аламыз ба, жоқ па деп ойлаумен болды.

Шаршап-шалдыққан Жақыптың ұлдары Жүсіптің алдына келгенде, ол бұлар жаққа көз қырын салып қараған да жоқ, иіліп берген сәлемдеріне жауап та қайтармады. Оны бір-ақ нәрсе: өзі қойған шарт — Буняминді әкелді ме, жоқ па, сол ғана мазалаған болатын. Қымбатты жан, егер сен Иса Тәңірге жақындағың келсе, Ол да сенің Өзіне Буняминді садақаға әкелген-әкелмегендігіңе қарайтын болады.

Мысыр әміршісі Жақыптың ұлдарына көп көңіл

бөле қойған жоқ. Бәлкім, бұлар оның қолы босамай жатқан сәтте келген болар. Жүсіпке ұлы да киелі міндет — халықтың қамын ойлау жүктелген еді ғой. Оның көрегендігі мен адалдығы көптеген адамның тағдырын шешетін. Ол кезде Жүсіпке өзін ұлы міндетке — адамдарды асырау мен қорғауға толығымен арнау қажет-ті. Қеруендер бірінен кейін бірі келіп, таусылмастай көрінген астық қоры азая бастады. Енді астықты айрықша сақтап, ең алдымен әлі күнге дейін аштық байқалмаған Мысырды азықпен қамтамасыз етуді ойлау керек болатын. Жүсіптің түс кезінде бір сағат қана бос уақыты қалған еді, соны ол ағайындыларға арнады. Тығыз істердің көптігіне қарамастан, Жүсіп оларды ұмытқан жоқ-ты. Ол малайларына тұтқындар үшін түскі асты өз үйінде дайындауға әмір берген болатын. Жүсіптің қызметшілерінің үлгісі еліктеуге тұрарлық. Олар өздерінің сүйікті қожайынының мынау еркектермен неліктен дастарқандас болуы керек екендігін сұрамады. Қызметшілер әмірді артық сауал қоймастан мүлтіксіз орындады. Өзінің әмірін ештеңе сұрамастан қалтқысыз орындайтын осындай қызметшілер біздің Иса Тәңірімізге де қажет. Саған бәрін түсінудің керегі жоқ. Жаратқан Иенің Өз әмірі үшін жауап беретініне, оны орындау саған игілікті екеніне ғана сен. Сен де, тіл алғыш бол! Жүсіптің бұларды өз үйіне апаратындығы туралы хабар Жақыптың ұлдарын таң қалдырды. Ешқандай жақсылыққа еңбек сіңірмегендіктерін білгендіктен, бұлар өте қорықты да.

«Бізді онда неге апарды?» — деп ойлады бұлар.

Оған Құдай жар болды

— Бәлкім, ақша үшін шығар...». өздерінің күмәндарын сейілту үшін олар Жүсіптің басқарушысына басқа ақшалармен бірге қапшықтарынан шыққан өткен жолғы ақшаларды да қоса әкелгендіктерін айтып түсіндірді. Ол: «Абыржымаңыздар, мен ақшаларыңызды алдым», — деп жауап берді бұларға. Енді олар мүлдем ештеңеге түсіне алмай, аң-таң қалысты. Олардың алдынан Жүсіптің салтанатты үйінің есігі ашылды. Қызметшілер бұларды кең де жарық басқыш арқылы сән-салтанатты залға өткізді, мұндай зал қарапайым малшылардың түстеріне де кірмейтін еді. Үйдің іші тып-тыныш, тап-тұйнақтай жиналған, тап-таза. Бір қызметкер де жұмыссыз қарап тұрған жоқ, әрқайсысы өзінің жұмысымен айналысуда. Ешкім ешкімді асықтырып, қаузап тұрған жоқ, бір-біріне кедергі жасамай, бәрі бірдей үйлесе жұмыс істеуде. Жақыптың ұлдары мұнда бейбітшілік пен бақыт және Құдай берген бата орныққандығын сезінді. Басқарушы бұларға Шимонды алып келгенде, олардың қуанышты кездесулерін ештеңе де бұза алмайтын еді! Ағайындылар қатты қауыша құшақтасып, жылап жіберісті!

Сосын қызметшілер бұларға аяқ жуатын су әкеліп, түйелерін азықтандырып, суарып, өздерін дастархан басына шақырды. Ағайындылар енді Мысыр билеушісіне берген әкесінің сыйларын қорқынышпен емес, алғыс сезіммен беруге дайындала бастады.

Ақыры Жүсіп ісін бітіріп, үйіне келді. Ол қалай өзгерген десеңші! Оның жүзінен қуаныш пен ма-

хаббат нұры төгіліп тұр еді. Ол әке сыйын терең алғыс сезіммен иіліп қабыл алып, ағайындылардың аман-саулықтарын сұрай бастады. Жүсіп жан-жағына қарап, Буныминді көргенде, жүрегі қуана лүпіл қақты. Ол кенже інісін құшақтай алуға сәлақ қалып, өзін әзер ұстады, оған әлі уақыт жеткен жоқ-ты. «Сендердің маған айтқан кенже бауырларыңыз осы ма еді?» — деп сұрады Жүсіп ішкі толқынысын жасырып, сосын жауапты тоспастан Исраилдің сүйіктісіне: «Құдай саған рақымын түсірсін, балам!» — деп бата берді. Өзінің ішкі сезімін әрі қарай тежеуге шамасы жетпей, асығыс сыртқа шықты да, жылап жіберді. Біраз уақыттан кейін тынышталып, байсалды қалыпқа түскен ол ештеңе сездірместен бауырларымен бірге дастарқан басында отырды. Жақыптың ұлдарын түскі асқа Жүсіптің үйіне шақырылғандықтары қатты таңдандырды. Бұларды бұдан да әрі таңдандырғаны әркімді жастарына қарай өз орнына отырғызғандығы болды. Көктегі Жүсіпте де әрбір адал жанға дайындалған орын бар және ол сол орынды иемденеді де. Бауырларымен бірге үстел басында отырған Жүсіпке қарайықшы. Ол бізге қоштасарының алдында: *«Мен азап шегер алдында мына Құтқарылу мейрамының асын сендермен бірге жеуді қатты аңсап едім. Сендерге шындығын айтайын: Құдай Патшалығында құтқарылу толықтай жүзеге асқаниа, Мен осы асты бұдан былай жемеймін» (Луқа 22:15-16)* — деп айтқан Иса Мәсіхті түсіреді.

Ағайындылардың жүрегі қуанышқа толды. Әбден риза болып, шаттыққа кенелген бұлар Жүсіп-

Оған Құдай жар болды

пен қоштасып, Мысыр жерінде өздері жүріп өткен Құдайдың ғажап жолының соңы осы болар деп есептеді.

## Соңғы сынақ

Жаратылыстың басталуы 44

**М**іне, бұлар үйге қайтып келе жатыр! Жүсіптің бауырлары бәрі ойдағыдай аяқталғанына қалай қуанысты десеңізші! Мүмкін, бұлар ашаршылық уақыт жуықта бітіп, ендігәрі Мысырға келмейміз деп сенген болар. Қандай адасушылық! Аштықтың басталғанына биыл тек үшінші жыл ғана, ал ол жеті жылға созылуы тиіс-ті. Құдайдың жоспары бойынша да Жақыптың отбасының пешенесіне Мысырда тұру тағдыры жазылған еді.

Қадірлі жан, кейде ойларың мен жоспарларың өзіңе соншама жақсы болып көрінеді емес пе! Егер солар орындалмаса, қатты реніш болмай ма! Бірақ, егер Құдайдың емес, сенің жоспарларың іске асса, бұл саған игілік әпермесі хақ.

Жақыптың ұлдары жолға шықты. Ал Жүсіпті біреу өзгертіп қойғандай. Еш мінсіз, соншама салмақты мінезді бұл жан өзінің туған отбасына қалайша қатыгездік танытты! Ол бауырларын қуып жетуге бұйырды. Бұл оның қызметшілеріне де өте ерсі көрінген болар. Жүсіп алдымен Бунаминнің қабына күміс табақ салуға, сосын қуып жетіп, ұрлықшы деп айыпталған кінәсіз адамдарды қайтарып алып келуге тапсырма берді.



Жүсіптің басқарушысы ағайындыларды қуып жетіп: «Сендер неге жақсылыққа жамандықпен жауап бердіңдер?» — дегенде, әлгілер өте ренжісіп: «Біз өз қабымыздан шыққан ақшаны қайта алып келдік емес пе, сөйте тұра сенің қожайыныңның үйінен алтын мен күмісті қалайша ұрламақпыз?» — десті. Сөйтіп олар өздерінің кінәсіздігіне сенімді түрде: «Қайсымыздан табақ табылса, сол өлімге қиылсын, ал қалғандарымыздың бәрі мырзанның құлы боламыз», — деп қосып қойды. Басқарушы табақты табатынын білгендіктен, жазаны жеңілдетіп: «Кімнен табақ табылса, сол менің құлым болады, ал қалғандары кінәсіз», — деді де қаптарды тінте бастады. Он қапты қарап шықты. Ағайындылардың адалдығы өздеріне аян еді, Буняминге олар кепілдік етеміз деген, сондықтан өздеріне ұрлықшы деп күдік артқандарына түсінбегенді. Міне, он бірінші қапқа кезек келді. Бунямин оның аузын өзі ашып, найзағай жасыны ұрғандай, артқа шалқалай шегіне берді. Қоз қарашығы үлкейіп, беті қуқыл тартқан оның кеудесінен қорқыныш үні шықты. Қаптың ішіндегі жарқылдаған не нәрсе? Күміс пе?!

Оған Құдай жар болды

Оның қабында шынында да күміс табақ бар еді! Ағайындылар шошып кетті. Буняминнің өзі де, бұлар да оның кінәсіз екенін білетін. Ашынғаннан үстеріндегі киімдерін жыртып, Қанақанға қайтып оралып, әкесінің қайғыруын көргенше, осы қатыгез елде мәңгілік қалып, өлуді артық санаған олар қалаға қайтып оралды. Бұлар Жүсіптің алдына төртінші рет келіп тұр, шынына келсек, бастарын иіп, сұлап жатыр. Сорлы Бунямин!

— Сендер не істедіңдер! — деп сұрады Жүсіп.

Бунямин өзінің кінәсіз екендігіне сенімді еді. Қалған бауырлары да өздерін кінәлі санаған жоқ. Бірақ бір кездері әкесінен Жүсіпті ажыратып, бауырларының басын өлімге байлап бергендері олардың есінде болатын. Енді өз күнәларымен бет-бет кездескен кезде, ақиқат айнасынан қорқынышты бейнекөріністі көрді. Мұндай көрініс олардың ешқайсысына зиян келтіре қойған жоқ. Ағайындылар Жүсіптің сұрағына қайтарар жауап таба алмады, өйткені олар енді өздерін ақтауға да тырыспаған-ды. Бұлар жасаған күнәлары үшін өздерін жаза қуып жеткенін, енді одан ешқандай құтылу жолы жоқ екенін түсінген. Ағайындылардың тәкаппарлығы мен өздеріне деген сенімдерінен түк те қалмай, тағдырларына бой ұсынған еді. Қөп үнсіздіктен кейін Яһуда:

— Өзімізді ақтайтындай біз не айта алмақпыз? Құдай кінәмызды әшкереледі. Енді біз де, қабынан табақ табылған жан да, сенің құлыңбыз, — деді.

Яһуданың жауабында кінәларын мойынұсына мойындауынан адалдық байқалғанымен, кеуделері-



нің басылып қалғанына аз да болса реніші әлі де сезілеп тұрған-ды, сондықтан Жүсіп бұл жауапқа қанағаттанбады. Егер кез келген қасірет пен сынақ сені тек тығырыққа тірелгендіктен, амал жоқтықтан ғана Құдай еркіне бағынуға әкелсе, Иса Тәңір де дәл солай қанағаттанбас еді. Жүсіп бауырларын рухани ұйқыдан оятып, олардың бауырлық махаббатына көзін жеткізгісі келді.

— Жоқ, мен олай істемеймін, — деді Жүсіп, — табақ табылған адам маған құл болады, ал сендер амандықпен өз елдеріңе қайтып ораласыңдар.

Оның аузынан: «Сендер мені шұңқырға тастағаннан кейін де қаннен-каперсіз нан жеп, ештеңе болмағандай бейғам қалыпта қайғылы әкеміздің үйіне оралған едіңдер. Осы жолы да дәл солай бейғам қалыпта әкелеріңе оралыңдар», — деген сөз шығып кете жаздады. Бірақ ағайындылар қатты өзгеріп еді! Енді олар Жақыпқа түк болмағандай қайтып оралып, оның қайғысына немқұрайдылықпен қарай алмайтын-ды. Жоқ, өздерінің өмірі мен бостандықтарын қиса да, ондайға енді бара алмайды! Алдындағы менмендіктері тәрізді бұлардың өзімшілдіктері де басылып қалып еді. Яһуда Жүсіптің алдына келіп, оның есіне алғашқы кездесуде берген уәдесін салды. Ол әкесінің қайғы-мұңы мен оның Буняминді сүйетіндігі туралы атап айтып, өзінің кенже інісіне ешқандай қызғаныш білдіре алмайтындығын баян етті. Яһуда Жүсіптің алдындағы күнәсін үнемі ойлап жүретіндіктен, үндемей қала алмай, бауырының есімін атап қойды. Ол енді бір кездері Жақыпқа қанға малшынған ұлының

Оған Құдай жар болды

киімдерін жіберіп, Жүсіпті жыртқыш аңдар жеп кетпегені туралы жақ ашып бір ауыз сөз айтпаған бұрынғы өтірікші емес еді.

— Сен біздің өзіңе Бунямиді алып келуімізді қаладың. Енді біз онсыз үйге орала алмаймыз, әсіресе, мен, өйткені әкеме, егер Бунямиді қайта алып келмесе, бүкіл өмір бойы кінәмді мойныма жүктеп жүретін боламын деп уәде бергем. Әкемнің алдына Буняминсыз барып, оның қайғы-мұңына қалай төзбекпін?! Одан да әкемнің бақыты мен бауырымның өмірі үшін мен-ақ өз еркіммен осында құлдықта қалайын! Өтінемін, Бунямиді үйге қайтар: оның орнына сенің құлың мен боламын! — деді Яһуда.

Әкесі мен інісі үшін өзінің елінен, отбасы мен бостандығынан айырылып, құлдықта қалуға бел буған сәтте Яһуда Құдай мен Жүсіптің көз алдында мүлде жаңа адам боп көрінген еді. Осы сағаттан бастап ол бүкіл халықтар бас иіп бағынатын, өмірін өлімге кесілгендерге, солардың мәңгі құтқарылуына құрбан етуге даяр болып, Өзінен бас тартып, құл бейнесіне енген Құдай Ұлының — Сол Татуластырушының арғы атасы болу бақытына лайық болды.

## Салтанатты сәт

Жаратылыстың басталуы 45:1-20

**Қ**адірлі жан, бұл тарау, айна тәрізді, бір кезде барша адамзат әулетін таң қалдыратын пайғамбарлық оқиғаларды баян етіп көрсетеді. Жүсіп бойындағы қуанышын әрі қарай жасыра алмады. Оны қуантқан Яһуда мен бауырларының бойындағы өзгерістер еді. Соны көрген ол қызметшілерінің бәріне бізді жеке қалдыра тұрыңдар деп әмір етті.

Осынау салтанатты сәтте куәгерлердің болуы артық еді. Жүсіптің жарлығы орындалып, Жүсіп бауырларына ашылу үшін, олармен жеке қалды. Өкіре жылаған күйі бауырларына құшағын жая ұмтылған ол қатты дауыстап:

«Мен Жүсіптің ғой, сендер Мысырға сатқан бауырларыңмын. Әкем әлі тірі ме?» — деп айқай салғаны соншалық, тіпті есік сыртында тұрған перғауынның малайларына дейін естілді. Бірақ бұған жауап болмады: таң қалған Жақыптың ұлдары тілауыздан қалып еді.

— Маған жақындаңдар! — деп шақырды ол.

Олар Жүсіптің мейірімді жүзі мен патшалық тұлғасынан көздерін алмай, оның айтқандарына үнсіз бағынды. Ағайындылардың бұған сенген себебі — енді ол бұлармен тілмәшсіз, өз тілдерінде сөйлесе бастап еді. Олар өздерін жасын ұрғандай халде сезініп, тұрған орындарында қаққан қазықтай қатып қалған.

— Мен өздерің Мысырға сатып жіберген бауырларың Жүсіптің. Маған анықтап қараңдаршы!

Оған Құдай жар болды

Иә, бұл сол еді! Енді бұлар оны таныды. Қінәларын мойындау мен жан ауруы бет-жүздерін өзгертіп жіберген оларды Жүсіп жұбата бастады.

— Ал, енді мені Мысырға сатқандарың үшін қайғырып, оған өкінбеңдар. Мені мұнда сендердің өмірлеріңді сақтау үшін Құдай әкелді. Жер бетінде аштық екі жыл бойы қысымшылық тарттыруда, енді бес жылға дейін тұқым себілмейді, өнім де жиналмайды. Өздеріңді жерде қалдырып, өмірлеріңді сақтау үшін мені мұнда алдын ала сендер емес, Құдай жіберді. Бүкіл Мысырға мені билеуші етіп қойған да Сол. Тезірек әкеме жетіп, оған Құдайдың мені билеуші еткенін, өзінің маған келіп, Гөшен жерінде менімен қатар өмір сүруін өтінетінімді айтыңдар. Мен оның өзін де, ұлдары мен немерелерін де, ірі қаралары мен ұсақ малдарын да асырап-сақтаймын, өйткені аштық әлі бес жылға созылады. Өзі де, отбасы да, айналасындағылардың бәрі де жүдеп-жадап, кедейленбес үшін әкемді тезірек осында әкеліңдер. Мені көріп, өзіммен сөйлескендеріңді айтыңдар. Әкеме менің Мысырдағы атақ-даңқым мен өздерің көріп-білгендеріңнің бәрін баян етіңдер.

Осыны айтып, ол Буняминді кеудесіне қысты, екеуі де көз жастарына ерік берді. Сосын Жүсіп бауырларын бірінен кейін бірін құшақтап, беттерінен сүйіп, оларды сүйетінін және кешіргендігін айтып сендірді. Оның махаббат жылуы ағайындылардың жүрегінде қатқан ақырғы тоңды жібітті. Енді олар өздерінің күнәларын ашық мойындап, көздерінен жас төге кешірім сұраумен болды.

Соның арасынша перғауынға Жүсіптің бауырлары осында екендігі туралы сыбыс жетті. Өз билеушісінің сіңірген еңбегіне құрмет белгісі ретінде патша мен сарай қызметкерлері бұларға құрмет көрсетіп, шын жүректерімен қабыл алды. Патша өзінің сүйіктісін шақырып алып, оның туыстарының бәрі осы Мысыр жерін мекендегісі келетіндігін білісімен, ағайындылар әкесін алып келсін деді де, ал олардың әйелдері мен балаларын әкелу үшін жеңіл арбалар дайындауға бұйрық берді. Тағы да, бұлардың өздерімен бірге ескі-құсқыны тасымауын, өйткені мысыр жерінде оларға жаңа үй жиһаздарын беретіндігін айтты. Сөйтіп Жүсіптің арқасында оның бүкіл әулетіне барлық жақсылықты жасауға уәде берілді.

Бұл оқиға бауырлары құлдыққа ғана сатып жібермей, айқыш ағашқа керіп, өлімге қиған басқа Жүсіптің тарихымен үндесіп жатыр. Өз туғандары Одан бас тартып, әлі күнге дейін Оны танығысы келмейді. Бірақ Осы Жүсіп атақ-даңқпен тағы да қайтып келетін сағат туады, сонда Оның отбасы Өзінің айналасына жиналатын болады. Оның: *«Мен — сендердің бауырларың Исамын; өздерің керген Исамын»*, — деген сөзі естілгенде және: *«Олар өздері тұйреген Мәсікті көріп, жер бетіндегі барлық рулар үрейленіп, ол туралы қайғырып, жылайтын болады»* (*Жохан 19:37; Аян 1:7*), — деген пайғамбарлық сөз орындалған кезде, бүкіл әлем дүр сілкінетіні хақ.

Міне, сонда біздің Қөктегі Жүсіп, Иса, ақыры Өзінің халқы тарапынан танылып, мойындалып, құзырындағыларға Өзінің ұлы сүйіспеншілігін сый-

Оған Құдай жар болды

лап көрсететін болады. Айқыш ағашқа керіліп өлу арқылы Құдай Өзінің Ұлына бар қазынаның кілтін беріп, Оны көк пен жердің Құтқарушысы әрі Құдай Патшалығының билеушісі етті.

Бәрі дайындалған. Ол Исраил халқы жердің түкпір-түкпірінен бір жерге жиналған кезде келеді. Ол Бунямин секілділерді, яғни, Өзін сүйіп, тосқан және басқалардың жүрегінде Оған деген махаббатты оятуға ұмтылған еврей халқының өкілдерін құшақтауға ынтық.

Ол келеді! Сол кезде сен кайда боласың, қымбатты жан? Сен Құйеу баламен (Құйеу бала — Мәсіхтің бейнесін білдіреді) бірге қуанышқа бөленгендердің арасында боласың ба? *«Егер Менің тапсырғандарымды орындасандар, Маған доссындар» (Жохан 15:14)*, — деген Ол. Оны сүйіп, тыңда, сонда сен сіңірген еңбегі үшін бүкіл Жақыптың үйіне кешірім жасаған Адам Ұлының атақ-даңқына Қөктегі Әкемен бірге қуанатын боласың. Осындай шешімнің үшін, даңқың арта берсін Сенің, құдіреті күшті Құдай! Аллилуйя!

## Қуанышты хабар

Жаратылыстың басталуы 45:21-28

**Ж**үсіп бауырларын жолға дайындап, оларға мол сый-сыяпат, арбаларымен қызметшілер берді. Әрқайсысы жаңа киім алды, ал Буняминге ол үш жүз күміс ақша мен бес пар ауыстырып киетін киім-кешек берді. Ұлының шынында да Мысырда



әмірші екеніне сенсін деп, Жүсіп әкесіне көптеген бағалы сыйлықтар жіберді.

Бауырларымен қоштасып тұрып Жүсіп олардан жолда жанжалдаспауларын өтінді. Олар Буняминді күндеп немесе Жүсіптің алдында кімнің көбірек кінәлі екендігін анықтау жөнінде керісіп қалуы мүмкін еді.

Үйлеріне қайтып келген Жақыптың ұлдарының қуанышын сөзбен айтып жеткізу қиын-ды! Әкелген сыйларын әкесінің үйінің жанында қалдырып, оған қарай асыға жүтірген бұлар бір-бірін киіп-жарып: «Жүсіп тірі, қазір ол бүкіл Мысыр жерін билеп отыр!» — деп қуана айқайласты. Бұл хабардың Жақыпқа қатты әсер еткені сондай, ол есінен айырылып қала жаздады.

Бұндай тосын хабарға ол сене алмаған еді. Әкесі біраз өз-өзіне келгенде, ұлдары оған Жүсіптің сөзін жеткізді. Олар Жүсіптің Мысырға тап болғаны өздерінің кінәсінен екенін, бастарынан өткеннің бәрі Құдайдың жазасы мен сынағы екенін, оны бұларға Жүсіп арқылы Жаратқанның Өзі жібергенін мойындап айтып берді. Сосын әкелерін үйден сыртқа шығарып, оған мысырлық арбалар мен қымбат сыйлықтарды көрсетті.

Дәлелдер жеткілікті болатын. Жақыптың жүрегі ояна бастады. Ол өзінің қорқынышын жеңіп, Буняминді жібергені үшін Жаратқанның қандай

Оған Құдай жар болды

игілікпен жауап қайтарғанына көз жеткізді. Сол үшін бұған Жүсіп қайтарып берілді, бұдан басқа Бунямин мен Шимон да өзімен бірге, қасында тұр. Ақыры Жақып: — Жетті, егер менің ұлым Жүсіп тірі болса, онда, өлмей тұрып соған баруға тиіспін, — деді.

Қымбатты жан! Исаны көрген кезде сенің қуанышың толық болар ма? Тек сонда ғана сен өлмей, тағы да он алты жыл өзінің сүйікті ұлы — Жүсіптің қасында бақытты, сыйлы, сүйіспеншілікке толы ғұмыр кешкен Жақып секілді ұзақ өмір сүретін боласың. Өзінің ғажап ойын жүзеге асыру үшін Жаратқанға тура осыншама жыл қажет болды.

## Жүсіпке барар жолда

Жаратылыстың басталуы 46

Өзінде бардың бәрін алып, Жақып жолға шықты. Ыбырайым мен Ысқақ сияқты өмірімнің



соңын осы жерде өткіземін деп үміттенген Жақып Қанаханнан кетпес бұрын тағы да бір рет Ыбырайым ағаштар отырғызып, құрбандық шалатын орын дайындаған ұмытылмас орын — Бер-Шебаға барды. Сол жерде ол Харанда өзіне жар болған тірі Құдайға деген ризашылығының белгісі ретінде шын жүректен құрбандық шалды және



Одан пұтқа табынатын алыс Мысыр елінде жүргенде де маған жар бола гөр деп өтініп сиынды. Жақыпқа осынау киелі мекенін қалдырып кету қаншалықты ауыр тиерін Құдай білетін еді. Сондықтан да оны тыныштандырып, бұл қадам — Өзінің еркі екенін, Мысырда да оған жар болып жүретінін айтып: «*Мен Құдаймын, жең мойынсұнған Тәңірмін. Мысырға көшіп барудан қорықпа, сені сол жерде үлкен халыққа айналдырамын*» (Жар. баст. 46:3), — деп аян берді. Осы сөзімен Құдай Жақыпқа бұл жерлерді тастап кетуге өкінбеуін, қай жерде болса да оған жар болып жүретінін айтқысы келді, сірә. Құдай Жақыпқа тағы да: «Мен саған Мысырда да жар болып, сен ол жерден қайтадан алып шығамын. Қайтыс болғанда көзіңді Жүсіп өз қолымен жабатын болады», — деді. Қандай ғажап уәде!

Қадірлі жан, егер сен Құдайдың еркін мойынсұна орындасаң, қорықпа! Иса Тәңір ең бір қараңғы түнде де саған жар болып, түптің түбінде бәрін қуаныш пен ақ батаға айналдырады.

Осылайша, Жақып барлық отбасымен — алпыс алты адам Мысырға аттанды. Ұлы да киелі Құдайдың жоспары бойынша бұлар жаңа өмірге қарай қадам басқан еді. Яһуда керуенді басқарды. Мысыр астанасына тақағанда Жақып өздерінің келгендіктерін Жүсіпке хабарлау үшін Яһуданы алға оздырып жіберді. Аталмыш хабарды тағатсыздана күтіп отырған Жүсіптің жүрегі қуанышқа кенелді.

Сол сәтте-ақ ол әкесімен және бүкіл отбасымен

Оған Құдай жар болды

қауышып, кездесуге асыға аттанды. Жақып пен Жүсіп бір-бірін құшақтап, жыласып алды. Әкесі мен сүйікті ұлының ұзақ уақыт бөлек тұрғаннан кейінгі кездесуін сөзбен айтып жеткізу қиын-ды. Жақып барша азапты басынан өткізіп, майдан даласынан жеңімпаз болып қайтқандай болды. Бұл сондай қуанышты кездесу еді! Қымбатты жан, Құдаймен кездесуге барған кезде сен де дәл осындай қуанышты басыңнан өткізесің, ал Оның әскерінің бірі бұл хабарды Оған айтып жеткізетін болады.

Жер бетіндегі өмірде Жақыптың барша арманы орындалды. Жүсіпті тірі көргенде, оның жүрегі тыншыды.

Жүсіп перғауынға өзінің отбасының келіп жеткені туралы хабарды айтуға асықты. Әйтпесе Қөктегі Жүсіптің Өз туыстарымен қауышатын қуанышты кездесуі өтіп кетеді. Қөк пен жердің Патшасы, құдіреті күшті Құдай сүйікті Ұлының Қалыңдығын (Қалыңдық — Қауымның бейнесін білдіреді) қарсы алып, кеудесіне басуға Өзі асығатын болады. Қымбатты жан, Қөктегі Әке сені де дәл солай бауырына бастын болады.

Жүсіп патшаға өзінің бауырлары мен әкесін таныстырды. Ақжарқын әңгімеден кейін патша оларға мекендеуге Гөшен жерін беріп, Жүсіпке малдардың үстінен бас-көз болуға ең іскер, пысық бауырларының бірін бақылаушы етіп қоюға нұсқау берді. Осылайша Жүсіптің бауырлары Гөшенде баспана ғана емес, жақсы жұмыс пен ашаршылық кезінде азық-түлік те тапты. Оларды бұнымен

Жүсіп қамтамасыз етіп еді. Жер бетіндегі бүкіл адам баласы Інжілді іздеп, таба алмаған кезде, Мәсіхке қарсы шығатын уақыт — рухани аштық жайлар алдында біздің Қөктегі Жүсіп те Өзінің туыстарына нақ осылайша қамқорлық жасайтын болады. Әлгі қорқынышты уақыт туар алдында, бұғанға дейін құпия болып келген: *«Екеудің біреуін періштелер қабыл алып, екіншісін қалдырып кетеді» (Матай 24:40)*, — деген пайғамбарлық сөз жүзеге асады. Құдайдың балалары жұмақ Гөшенге орналастырылып, бүкіл әлемде Назареттен шыққан Иса Тәңірдің Патшалығының орнығуын сол жерде бейбітшілікпен күтетін болады.

## Құтқарылу

Жаратылыстың басталуы 47:1-25

Енді Мысырда да алдын ала болжанған аштық басталды. Мысырлықтар алғашында ақшалары бар кезде, нан сатып алып, мұқтаждық көрмеді. Енді олардың ақшасы түгесілуге жақындап, адамдар көп өтпей-ақ өздерінің аштықтан өлетіндіктерін түсініп, қорқа бастады. Сөйтіп олар Жүсіпке келді, ал ол болса бұларға малдарыңды астыққа айырбастаңдар деп кеңес берді. Олар дәл солай істеді де, бірақ малдар тез-ақ азайып, құрып бітті. Бір жыл өтер-өтпестен адамдар Жүсіпке тағы да келді. Әлгілер оған қолдарындағының бәрін сатып бітіргендіктерін — тек құнарсыз егістік пен қаңыраған ауылдар ғана қалғандығын айтты. Адамдар одан

## Оған Құдай жар болды

жерімізді сатып алып, өзімізді құлдыққа алыңыз, сөйтіп біз аштықтан аман қалайық деп өтінді. Жүсіп солай етті: ол жерді перғауынға сатып ала бастады. Қашық жердегілерді қалаға жақын маңға көшіріп, оларға жерге себетін тұқым берді. Жүсіпке сеніп, өздерін құлдыққа сатумен мысырлықтардың қырсығы шықты. Енді олар күш алып келе жатқан аштықтан қорықпай, алаңсыз өмір сүре алатын еді. Бұлар ендігәрі перғауынның меншігі болатын, сол себепті ол бұлардың өлуіне жол бермей өз қамқорлығына алады деп үміттенді.

Қымбатты жан, бұл сен үшін керемет үлгі емес пе! Егер сен Қөктегі Жүсіптің қазынасына келіп қойған болсаң және қолыңдағыңның бәрін берген болсаң, онда батыл қадам жасап, бүкіл артықшылық және кемшіліктеріңмен, күллі мәселелеріңмен Оның алдына кел де, Оған толығымен сенім арт, сонда барлық уайым-қайғыдан босайтын боласың. Егер сен рухани сыйлардың өтемін әрқашан бір нәрсемен ақшалай не жер бетіндегі қуанышыңмен қайтарып отыруға тиіспін деп ойласаң, онда сенің өмірің қорқыныш пен уайым-қайғыға, қам-қарекетке толы болмақ. Керісінше, сен өзіңді Құдайға толығымен сеніп тапсырып, өзіңе-өзің емес, Оған тәуелді болуға бел байласаң-ақ болды, уайым-қайғының бәрі жоғалады. Ол: *«Ешкім оларды Менің қолымнан тартып алмайды» (Жохан 10:28)*, — деген.

Өздерін құлдыққа сатқаннан кейін мысырлықтармен не болғанын еске түсірейікші. Сол сағаттан бастап әлгілердің ешкайсысы не егістікті, не үйді, тіпті баласы мен әйелін өзімдікі дей алмады, өйт-

кені бәрі енді патшаның меншігі болатын. Ешкім де: «Не істерімді өзім білем, өзіме ұнағаны бойынша өмір сүрем», — дей алмайтын, себебі олардың өмірі мен күші, қабілеттері перғауынның қызметіне бағындырылған еді. Соның қарымтасына олар не алды? Енді мысырлықтар патшаның қанатының астында мұңсыз өмір сүріп, оның егіс даласын өңдей алатын-ды. Өнімнің төрт бөлігін өздері алып, бесіншісін оған беретін. Өнім шықпаған жылдары патша олардың қамын ойлау керек еді. Олар қорғанышты болатын, өйткені соған меншікті-тін.

Қымбатты жан, егер өзіңді Патшаның билігіне берсең, сен де сондай бақытты боласың. Сен ештеңені де: не өзіңнің өміріңді, не әйеліңді, не күйеуіңді, не балаларыңды, не бауырларыңды, не әпке-қарындастарыңды, не егістік пен үйіңді, не іскерлігің мен дағдыларыңды енді өзімнің меншігім дей алмайсың — осының бәрі Патшаның меншігі болады. Оның есесіне сенің уақытша және мәңгілік игіліктерің туралы қам-қарекет түгелімен Соның мойнына жүктеледі. Сен өлімнен қорықпайтын боласың, сол қорқыныштан құтыласың, өйткені рухани өлмейтініңді білесің. Саған жамандық жасаған бірде-бір адам жазасыз қалмайды, өйткені: «Сендерге тиіскен адам Менің назарымнан қалыс қалмайды» (Зәкерия 2:8), — деп жазылған ғой. Ананың алақанындағы жаңа туған жас нәрестенің пәк бақытымен ғана салыстыруға болатын осы тыныштық пен тынымды да шексіз бақытқа ие болуға асық.

Жүсіп өздерінің әрі қарайғы тағдырларын қалай

Оған Құдай жар болды

шешкенін естігенде, мысырлықтар ризашылықпен: «Сен біздің өмірімізді сақтадың; патшамыздың жанарынан мейірімділікті көріп, оның құлы болайық», — деп қуана айқай салысты. Мейірбан патшаның құлы болуды олар мейірімділік, бақыт деп санады. Сенің Патшаң одан әлдеқайда мейірімді. Оған кім мәңгілік берілсе, сол Оның қайырымдылығы жөнінде ризашылықпен куәлік ететін болады. Қөктегі Патшаға қызмет ету — ұлы игілік және ұлы артықшылық!

### Отанға деген сағыныш

Жаратылыстың басталуы 47:26-31

**Ж**ақып Мысырда он жеті жыл тұрып қалды. Осы уақыттың бәрінде оның отбасы Гөшенде бейбіт еңбекпен айналысып, өмір сүрді, өсіп-өнді, өйткені бұларға Құдай батасын берген-ді. Исраил сүйікті ұлы Жүсіптің бақыты мен байлығын ғана емес, кенже ұлы Бунаминнің де, басқа ұлдарының да бақытын көрді. Қазір оның басқа ұлдарына да көңілі тоқ еді. Құдай оларға бағыт-бағдар көрсетіп, енді бұлар жүректерінде Құдайды сақтап өмір сүрді.

Дегенмен, Құдайдың ақ батасына қарамастан, Жақып Мысырда өзін үйіндегідей сезінбеді. Ол Қанаханның жазықтары мен жоталарын, Ливан тауларын, Мория жерін сағынды. Қазір Мысырда оның барлық отбасы өмір сүргенмен, ол Палестинаны сағынды, өйткені Құдай Ыбырайым мен Ыс-

қаққа және өзіне нақ сол жерді берген еді. Онда Ыбырайым сатып алған даладағы мазардан басқа бұларда түк болмаса да, Жақыптың көңілі сол жаққа тартты да тұрды. Жер бетінде жүруге ұзақ уақыт қалмағанын сезген ол көзі тірісінде болмаса да, мейлі өлгеннен кейін болса да өз әкелерінің жерінде қалуды қалады. Сөйтіп Жақып Жүсіпті шақыртып алып, оған: «Мені Мысырдан әкетіп, әкелерімнің жанына апарып жерлейтін бол», — деген асыл арманын айтты. Алайда мұны орындау оңай емес-ті, өйткені Қанахан мен Мысырдың арасы жақын емес, едәуір қашық болатын. Әке мен ұл туған жер туралы тағы да ұзақ әңгімелесті. Қетерінде Жүсіп қызметшілерге әкесінің жағдайы нашарлай бастаса, міндетті түрде өзіне хабарлауды тапсырды.

## Ұлы сый

### Жаратылыстың басталуы 48

**Ж**үсіпке әкесінің науқас екенін хабарлаған күн келіп жетіп, ол қасына екі ұлын алып, Жақыпқа жетуге асықты. Жақып Жүсіптің келгендігі туралы естігенде, бойына қуат толғандай сезінді. Өмірінің соңғы сағатына дейін Жүсіп оның ғұмырындағы шұғыла жарық болып қалды. Исраил (Жақып) төсегінен басын көтеріп, ұлына Құдайдың ұлы уәдесін жеткізді. Әкесі өзінің отбасының өсіп-өніп, сан мыңдаған халық болып көбейіп, уақыты келгенде Қанаханды мекен ету үшін, сол

Оған Құдай жар болды

жаққа қарай ат басын бұратынын білетін әрі оған сенетін еді. Сондықтан Жақып енді перзенттік махаббаты үшін Жүсіпті патшадай марапаттағысы келді. Ол Жүсіптің екі ұлы — Ефрем мен Манаса осыдан былай қарай мәңгілікке Жақыптың әулетінен тараған ұрпақ деп танылып, әкелеріне берілген жерден Жүсіптің отбасына енші ретінде екі жер үлесі бөлінуін қалайтынын айтты. Жақып мұны өз білгенімен емес, Құдайдың еркімен істеп еді. Құдайдың Өзі осылайша Жүсіпті басқа бауырларынан жоғары қойған-ды. Жақып Қанахан жерінде қайтыс болып, Бетлехемге барар жолдың бойына жерленген өзінің сүйікті жары Рахиланы қайғыра отырып есіне алды. Жақып жүз қырық жеті жыл өмір сүріп, өмірінің ақырғы сәтіне дейін Рахиланы сүйіп өтті. Нағыз махаббат мәңгілікке бізбен бірге кетеді...

Екі әулеттің негізін қалаушы әрі әкесінен сан рет естіген ғажап жердің мұрагерлігіне ие болған Ефрем мен Манаса қандай құрметке ие болды десеңізші! Құдайдың өзіне келіп аян бергенін қарапайым ғана айтып отырған қарияға олар зор құрметпен қарап отырды.

Жүсіптің ұлдарын көріп, Жақып: «Бұлар кімдер?» — деп сұрады. — «Бұлар Құдай берген менің ұлдарым», — деп жауап берді Жүсіп. Құдайдың даңқын көтеру үшін өскен балаларына қарап, қуана алатын әке бақытты. Жақып: «Оларды маған жақын әкел, батамды берейін», — деді. Жүсіп балаларын жақындатқан кезде Жақып оларды құшақтап, беттерінен сүйді. Кейін бұлар осы бір салта-





натты сәтті жиі естеріне алған болар, бәлкім. «Сені тағы да бір рет көрем деп ойлаған жоқ едім, — деді Жақып Жүсіпке, — Құдай, міне, сенің ұрпағыңды көруге жазды». Бұл кейде Құдай Өзінің балаларына қаталдау қарайтындай көрінгенімен, Ол біздің Оған қызмет етуімізге тұрарлық екендігінің айқын дәлелі. Нәтижесі әрқашан да ғажап. Жүсіппен оның ұлдары Жақыптың алдына тізелерін бүгіп отырды. Жүсіп балаларын күтіп тұрған ғажап болашаққа пайғамбарлықпен терең қастерлей көз тіге отырып, өзінің өтініштерін соншама кеңпейілділікпен орындаған мейірбан және сүйікті Құдайға басы жеткенше иіліп тәжім етті. Бірақ Құдай Рухының басқаруына бағынған Жақып оң қолын кенжесі болса да Ефремнің басына, ал сол қолын тұңғыштығына қарамастан Манасаның басына қойды, Жүсіп бұған кедергі жасай алмады. «Білем, білем, ұлым, — деп қарсылық білдірді Жүсіпке Жақып, — үлкен ұлыңнан ұлы халық тарайды, бірақ кіші ұлыңнан тарағандардың саны олардан артық болады». Жақып Жүсіпке де ақ батасын беріп: «Әкелерім Ыбырайым мен Ыс-

Оған Құдай жар болды

қақ сиынған Құдай мені өмір бойы жетелеп келеді. Мені кез келген жамандықтан құтқарып келген періште мына немерелерімді де желеп-жебеп жүрсін; бұлар менің және әкелерім Ыбырайым мен Ысқақтың есімін алып жүрсін, жер бетінде өсіп-өніп, көбейе берсін... Исраилдің ұрпағы бата бергенде сенің атыңды атап, Құдай сені Ефрем мен Манасадай қылсын деп айтатын болады, — деді.

Жүсіпке Исраил: «Жақында мен бұ дүниеден өтемін, бірақ Құдай жар болып, сендерді аталарыңның жеріне қайтарады. Мен қылыш-садағыммен аморлықтардың қолынан тартып алған жердің бір бөлігін ағаларыңның озаты ретінде саған арнап қалдырамын», — деді. Жақыптың өзі аморлықтармен шайқасқан жоқ, бірақ ұрпақтарының өз мұраларын иемдену үшін үлкен ұрысқа шығатынын алдын ала көрегендікпен болжап білді.

## Бата беру

Жаратылыстың басталуы 49

Келешекте өздерін не күтіп тұрғанын айту үшін Жақып басқа ұлдарын да шақыртып алды. Біз Исраил өз балаларының келешегін айқындап берді деп ойламауымыз керек. Жоқ, ол тек оларға Құдайдың еркін ғана жария етті. Жақып көп жылдар бойы өзіне перзенттік махаббатын дәлелдеуге тырысқан Рубенді кешірмеді деп те ойламайық. Жоқ, Жақып бұл ұлын кешірді, бірақ оған сен тұңғыштық жолыңнан айрылдың деп айту ауыр

болған шығар, бәлкім. Дегенмен Жақып Құдайдың жазасы туралы айтпай тұра алмады. Осылайша ол болашақ ұрпаққа үкім шығарылатыны туралы ескертті, солардың ішінде — Шимон мен Леуі де бар еді.

«Екеуінің жауыз ашу-ызасын, қарғыс атсын мейірімсіз қаһарын! Сендерді Исраилдің ішіне бытыратамын», — деді бұл ұлдары туралы Жақып.

Яхудаға әкесі биліктің белгісі сенің әулетіңде берік орнайды, ал соңында бейбітшілік Әкелуші келеді, халықтар Оған мойынсұнатын болады деген пайғамбарлық сөз айтты.

Жақыптың осы пайғамбарлық сөзі қалай ғажап орындалды десеңізші! Уәде етілген бата шынында да берілді және болашақта да берілетін болады, өйткені Өз құлы арқылы Қиелі Рухтың Өзі сөйледі.

Батасын бергеннен кейін Жақып өзін Ыбырайымның мазарында әкелерімен бірге жерлеуді өсиет етті. Онда Ыбырайым мен Сара, Ысқақ пен Рабиға және өзінің жары Лия жерленген еді.

Құдайдың тапсырмасын орындап, өзінің Ұрпағы — Жеңімпаз Еммануил Өзінің барша балаларын қайта тірілтіп, Құдайға апаруға келетін ғажап күнде ояну үшін Жақып шаршаған көз жанарын мәңгілікке жұмды.

## Тәрбиенің аяқталуы

Жаратылыстың басталуы 50

**Ж**аратылыстың басталуы кітабының бірінші тарауында Құдайдан басқа ештеңе болмаған уақыттың болғаны туралы айтылады. Ал соңғы тарауында екі ұлы қайраткердің қазасы суреттеледі. Олар жер бетінен жоғалып, жалғыз Құдайға ғана көрінетін құпия патшалыққа енді. Бірінші тарауда өмірдің басталуы мен адамның жаратылуын әңгімелейтін әлемнің пайда болу тарихын оқимыз. Ал соңғы тарауында тартыс пен сынақтың бітуі мен жаңа өмірге дайындық бейнеленген. Алғашқы тарауда Құдайдың екі адамды жасап, оларды тәрбиелеуге кіріскендігі айтылады. Ал соңғы тарауда осы екі ұлы қайраткерді тәрбиелеуде Құдай көздеген мақсатына жетіп, оларды Өзіне алады. Бұл кітап аяқталды. Онда Құдайдың Өз адамдарын қалай жетелеп және қалай тәрбиелейтіндігі мен Оған бойсұнғандардың Оның бәрін жақсы істейтіндігін сезінетіндігі жан-жақты суреттеледі. Бұл жаңа жаратылыс жөнінде: «Құдай Өзінің жасағандарының бәріне қарап, өте жақсы екенін көрді» (Жар. баст. 1:31), — деп айтылған.

Қолына таяқ ұстап Харанға қарай қашып баратқан сәтте Жақыпқа уақыт өте келе сені зор құрметпен жерлейтін болады десе, сенер ме еді? Жүсіп әкесінің басында тұрып жылап, оның бетінен сүйді. Мүрдені алыс жолға алып жүруге дайындау үшін дәрігерлерге әкесінің денесін бальзамдауға әмір берді. Бальзамдау қырық күнге созыл-

ды, мысырлықтар Жақыпты жетпіс күн жоқтады. Әкесін Қанаханға апарып жерлеу үшін Жүсіп перғауыннан жолға шығуға рұқсат сұрады. Перғауынның барлық қызметшілері мен Мысырдың барша ақсақалдары Жүсіптің әкесін соңғы сапарға шығарып салуды құрметті борышымыз деп санады. Мысырлықтар Жақыптың қайтыс болғанын, сүйегі Қанаханға жерленетінін естіген кезде, үстілеріне қаралы киім киді. Қайғы-қасірет ауыр еді, өйткені адамдар Жүсіп пен Исраилді жоғары бағалайтын. Жақыпты шығарып салуға тілек білдірушілер саны арта түсті. Перғауын Жүсіпке арбалар мен күзетшілер берді, Жақыптың барлық отбасы, жас балалардан басқасы, түгелдей жолға шықты. Жерлеу шеруі салтанатты түрде көздеген жерге жақындап келе жатты. Жүсіп пен оның бауырлары Ефрем мен Манасаға берілген тамаша Мориа жері мен Ливан тауларын, сүйікті отандарын қайтадан көріп, табысты. Жақыпты жерлегеннен кейін, олар Бет-лехемдегі Рахиланың бейітіне барды, сосын бұл жерлермен қоштасты. Осылайша Жақып өз отанына оралды, енді ол ешқашан да жат елде кезіп жүрмейді. Құдай Жақып арқылы көздеген мақсатына жетті. Исраилдің отбасы әкесімен қоштасқан жер «мысырлықтардың жоқтап жылауы» деп аталды. Жергілікті тұрғындар Жақыптың кім болғанын, өмірінің соңында оны жеңімпаздың тәжі не үшін күтіп тұрғанын білмегендіктен, бұл оқиғаға таң қалған еді.

Жақыпты жерлегеннен кейін бәрі Мысырға қайтып оралды. Жүсіптің бауырларын қуатты іні-

Оған Құдай жар болды

міз бізді жек көріп, оған жасаған зұлымдықтарымыз үшін бізден кек алатын болар деген ой қорқынышқа бөледі. Қымбатты жан, жақындары одан соншама жақсылық пен мейірім көрсе де, оған күмәнмен қарағанына таңданбаңыз. Оның Өз өмірін сен үшін қиғанына қарамастан, сен де өзіңнің Қөктегі Жүсібіңе сан рет күмән келтірдің емес пе! Өз күнәларыңды есіңе жиі-жиі түсіріп: «Маған енді не болар екен?» — деп ойладың ғой.

Қанаханға барып келгеннен кейін ағайындылар жадында істегендері туралы естеліктер елесі бас көтерді. Олардың қорқынышы туралы білген кезде, Жүсіп жылады, өйткені бауырларының өзіне сенімсіздік білдіруі оған ауыр тиіп, жанын күйзелткен еді. Ол: «Қорықпаңдар. Мен сендерді де, балаларыңды да әрі қарай асырап-сақтайтын боламын», — деп, өзінің бұларға кек сақтамайтынын айтып сендірді.

Құдайдың Өзі жаратқан бұл адамның осы мінез-құлқын толық қалыптастыру үшін тағы не қажет еді? Жаратқан Ие Жүсіпке жүз он жыл ғұмыр сыйлады. Осынау Құдай адамы сексен жыл бойы Жаратқанның қолындағы баталы қару әрі ұлы мемлекеттің қуатты билеушісі болды. Құдайдың мейірімі арқасында немерелері мен шөберелері оның көз алдында ержетті. Жасы еңкейген шақта ол өзінің бауырларын шақырып алып: «Егер сендерді Құдай осы жерден кетуге жазса, өздеріңмен бірге менің де сүйегімді ала кетіңдер», — деп өсиет айтты. Қөзі тірісінде болмаса, өлгеннен кейін болса да ол ата-бабасының жерінде болуды қалады. Құ-

дай оны жат жерде ұлы істер істеуге шақырды, ол өзіне берілген тапсырманы орындап шықты. Аманатты орындаған ол енді өз үйіне оралуды армандады.

Жүсіптен кейін мысырлықтарда ешқашан мұндай данышпан билеуші болған жоқ. Ол қайтыс болғанда әлгілер мұнымен қоштасты, бірақ оны өз жерлерінде жерлей алмады. Ол бұларға қазына секілді аз мерзімге берілген еді, артынан олардан алып кетілді.

Төрт жүз жылдан кейін Жүсіптің денесі Мысырдан әкетілді. Тағы да адамдар тобыры — миллионнан астам адамдар легі — Қанаханға қарай бет алды. Бай әрі салтанатты табытта Исраилдің ұлы ұрпағының сүйегін алып келе жатты. Мәйітті жерге бергенше, олардың жолы қырық жылға созылды.

Ақыр аяғында Жүсіп үйіне қайтып оралды. Оны қарсы алған Ливан балқарағайлары сәлем бергендей сыбырласып, Иорданның толқындары: «Тыныш ұйықтай бер, жеңімпаз!» — деп тұрғандай болды.

## Мазмұны

Автордың алғысөзі .....	3
Бақытты балалық шақ .....	5
Құлдыққа сатылу .....	10
Он есе жазалау .....	17
Қара дақ .....	20
Жеңіс .....	21
Ақыл жетпес Құдай жолдары .....	29
Түнектегі жарық .....	32
Қиындықты жеңіп шығу .....	35
Алтын ыдыс .....	36
Батаға толы өмір .....	43
Орындалған түс .....	48
Қасіретті оралу .....	54
Тағы да Мысырға сапар .....	57
Соңғы сынақ .....	62
Салтанатты сәт .....	67
Қуанышты хабар .....	70
Жүсіпке барар жолда .....	72
Құтқарылу .....	75
Отанға деген сағыныш .....	78
Ұлы сый .....	79
Бата беру .....	82
Тәрбиенің аяқталуы .....	84



Осы кітап жайлы ой-пікіріңіз немесе  
сұрақтарыңыз болса,  
мына мекен-жайға хабарласыңыз:

480031 Алматы қаласы  
п/ж 68  
«Шығыс Сәулесі»